

Түркістан облысы
Бәйдібек ауданы
МКҚК «Нұрсая» бөбекжай-балабақшасы

Вариативтік компонент

«Бәрін білгім келеді»

/Ортаңғы топқа арналған/

Тәрбиеші: И.Спабекова

Алғабас ауылы
2021-2022 оқу жылы

*МКҚК «Нұрсая» бөбекжай-балабақшасының 2021 жылдың 27 тамыздағы
№ 1 педагогикалық кеңесінде педагогикалық ұжымның талқылауының
хаттамасымен ұсынылды.*

Түсінік хат

Ортаңғы топқа арналған вариативтік компонент бағдарламасы топ балаларының қабілеттері мен бейімділігі ескеріліп жасалды. Бағдарлама «Бәрін білгім келеді» деп аталады. Балаларға қоршаған орта, музыка, сурет салу, отбасы туралы қарапайым ұғымдарды қалыптастыру, тіл байлықтарын дамыту. Ол кім? Бұл не? сұрақтарына жауап іздеу. Балалармен бірге табиғат құбылыстарына зерттеу жұмыстарын жүргізу. Серуен кезіндегі әрекеттерді қорыту. Мақал – мәтелдер, жаңылтпаштар жаттату. Отбасы, қоршаған орта, айналасын құрметтеп қадірлеуге тәрбиелеу.

«Бәрін білгім келеді» бағдарламасының жылдық жүктемесі 36 сағатқа құрылған. Апталық жүктемесі -1 сағат.

Бағдарлама 3-4 жас аралағындағы балаларға арналып ұсынылған. Бағдарламаны оқыту төмендегідей мақсаты мен міндеттеріне жетудің қажеттілігін қамтамасыз етеді.

Мақсаты: Балаларға бейне роликтер көрсете отырып, көзбен көргенін есте сақтау, әңгімелеу қоршаған орта, отбасы, достары, жан-жануарлар туралы білім негізін қалыптастыру.

Міндеттері: Топпен жұмыс жасауды, өзіне жүктелген міндеті толыққанды, бастаған істі төзімділікпен аяқтауды. Балалардың әлеуметті ортада бір-бірімен дұрыс қарым-қатынас жасаудың дағдыларын жетілдіру.

Күтілетін нәтиже:

Балаларда танымдық қабілет артады. Ол кім? Бұл не? сұрақтарына жауап беруді, өздігінен жауап іздеуді үйренеді.

Бағдарламаның мазмұны: Табиғат және жануарлар тірішілігі, олардың мінезі мен қылықтары туралы түсіндіреді. Онда балалар қоршаған орта, табиғат, жануарлар мен отбасы мен тұрмыста көретіндерінің барлығын, музыка аспаптары, сурет салу құралдары, «Суретші кім?» «Әнші кім?» т.б сұрақтарға жауапты тәрбиешімен бірге іздейді. Жауап алады, біледі. «Бәрін білгім келеді» бағдарламасы 1 жылға арналған.

Тәрбиешінің ортаңғы 3-4 жас аралығындағы бағдарламасы Үлгілік оқу бағдарламасының негізінде, жас ерекшеліктері ескеріле отырып құрылған. Балабақшаның педагогикалық кеңсінде талқыланып, ортаңғы топта вариативтік бөлімде қолдануға берілді.

Әдіскер: Егембердиева

Бекітемін
Балабақша директоры:
Р.Игенбекова
27.08.2021 жыл

«Кәусар бұлақ» ортаңғы тобының 2021-2022 оқу жылына арналған
вариативтік компоненттің перспективалық жоспары

№	Тақырыбы	Мақсаты	Сағат саны	Мерзімі
1	Күз келді.	Жомарт күздің жомарттығы туралы айту. Күз туралы мақал - мәтелдер жаттау, жыл мезгілінің ішіндегі күз туралы санамақ жаттата танымдылықтарын арттыру	1	03.09
2	Менің балабақшам	Балабақша туралы, ондағы қызықтар, тәрбиеші апайлардың еңбегі туралы оң түсінік қалыптастыру. Құрылған күн тәртібінің пайдасы туралы түсіндіру.	1	10.09
3 3.09	Мен және менің отбасым	Отбасы туралы ұғым қалыптастыру. Отбасындағы өзінің орны. Отбасы дәстүрлері, әрекеттері. Отбасы татулығы, бір-біріне деген қамқорлық туралы айту.	1	17.09
4	Отбасы мүшелері кімдер?	Отбасы мүшелерінде кімдер бар. Ата, әже, әке-ана, бауыр, аға, әпке ұғымдарын. Олардың міндеттері мен еңбектерін құрметтеуге үйрету.	1	24.09
5	Менің жануарларым?	Үй жануарларының атауын білуі. Оларға қамқорлық көрсету, өсіру, бағу ұғымдарын меңгерту.	1	01.10.
6	Менің ойыншықтарым.	Ойыншықтардың түрлі атауларын. Олармен ойнау, ойнап болған соң жинау, ойыншықтарын жақсы көру, силыққа берген жағдайда рақмет айта білу, қуана білу, аялап ұстау әдеттеріне үйрету.	1	08.10.
7	Нан қайдан келеді?	Күнделікті тұтынып жүрген нанның қайдан келетінін, қастерлеу керектігін, нан болса, ән де болатынын үйрету. Бала бойында ас-атасы нан деген ұғым қалыптастыру.	1	15.10.
8	Балабақша асханасына қонаққа барамыз	Балабақша асханасының қызметімен аспазшы апайлардың еңбегімен таныстыру. Түрлі ас түрлерімен, асхана құралдарымен таныстыру. Асханадағы қауіпсіздік туралы айту.	1	22.10.
9	Балабақша медбикесімен танысамыз	Балабақшаның медициналық кабинетіне балаларды саяхатқа алып бару. Медбике қызметімен, құралдарымен таныстыру.	1	29.10.

		Дәрігерлерден қорықпауға, ауырған жағдайда дәрігерлерлер бірінші көмекке келетіні туралы айту. Медициналық жабдықтармен таныстыру.		
10	Менің достарым	«Дос деген кім?» деген сұраққа бірлесіп жауап беру. Достыққа адал, шынайы болуға. Бір топтағы балалардың бір-бірімен дос екенін айту. Бір-біріне мейіріммен қарауға, көмек беруге үйрету.	1	05.11.
11	Құстар-біздің досымыз	Құстарға қамқор болуға, оларды күте білуге, құстарды қорғауға, аялауға әдістемелік құрал тәрбиелеуге. Көз бұлшық еттерін шынықтыру	1	12.11.
12	Көліктер туралы білейік	Көлік түрлерімен, қызметімен таныстыру. Көліктер туралы тақпақ, жұмбақ, мақал-мәтелдер жаттату. Тіл байлықтарын дамыту.	1	19.11.
13	Бағдаршам	Бағдаршам қызметі, түстерінің қазақ тілінде орыс тілінде меңгерту. Тақпақтар, мақал-мәтелдер жаттату.	1	26.11.
14	Киімдер туралы білейік	Киім түрлерін маусымдық киімдердің түрлерімен таныстыру. Түрлі киім атауларын (пальто, етік, құлақшын) атап айтуға үйрету, сөздік қорын кеңейту. Дыбыстарды және сөздерді анық айтуға үйрету.	1	03.12.
15	Табиғатқа қамқор боламыз	Табиғат құндылығының маңыздылығы, табиғат пен адамның қатынасының үйлесімділігі туралы түсіндіру. Табиғат байлықтарын бағалауға, сақтауға, табиғатты аялай білуге, қамқорлықпен қарай білуге тәрбиелеу.	1	10.12.
16	Саңырауқұлақ ты мүсіндейміз	Ермексаздың құрамымен таныстыру, жұмыс жасау тәртібі, қауіпсіздік негіздерімен таныстыру. Ермексазбен қолдан қандай мүсіндер жасауға болатынын көрсету.	1	24.12.
17	Қыс неге суық болады?	Балалардың қыс мезгілі туралы түсінігін кеңейту. Қыс мезгілінің сұлулығын тамашалай білуге, табиғаттың ерекшелігін сезіне білуге, қоршаған ортамен танысу арқылы баланың ой - өрісін дамыту. Жапалақтап жауып тұрған қар ұлпаларының суретін түтікше арқылы үрлей отырып, бейнелеуге үйрету.	1	31.12.
18	Құстардың қысқы тіршілігі.	Құстардың тіршілігі туралы түсінік беру; Сабақ барысында орындалатын тапсырмалар арқылы ойлау қабілеттерін дамыту; Құстарға қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу	1	14.01.

19	Қысқы ойындар	Балаларды қыс мезгілінде ойналатын ойындар туралы білімдерін нығайту, ойындар арқылы ойлау қабілеттерін дамыту.	1	21.01.
20	Күміс қар	Сурет бойынша әңгіме құрауға үйрету. Қыс мезгілінің ерекшеліктерін айта білуге дағдыландыру. Сөздік қорларын молайту. Көтеріңкі көңіл-күй сыйлау. Өз семіздерін қағаз бетіне бере білуге тәрбиелеу.	1	28.01.
21	Ән айтып, би би билейміз	Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдауға, ересектермен бірге ән салуға баулу. Балалардың музыкаға деген құштарлығын арттыру	1	04.02.
22	Әнші деген кім?	Әндер тыңдату. Орындаушылар туралы айту. Әнші болу үшін не істеу керек тақырыптарында әңгімелесу.	1	11.02.
23	Алтын балық қайда тұрады?	Би өнерінің маңыздылығы мен би қимыдарының денсаулыққа пайдасы туралы айту.	1	18.02
24	Ағаштар мен бұталар	Бұталар мен ағаштарды тану және айыра білуге үйрету.Аңғарымпаздығын дамыту.Өсімдіктерге аялы көзқарасқа тәрбиелеу.	1	25.02.
25	Сиқырлы су	Су туралы мағлұмат беру, тәжірибе жасау арқылы судың қасиеттерімен таныстыру. Табиғатқа деген сүйіспеншіліктерін, қызығушылықтарын арттыра отырып, табиғаттың әдемі сұлулығын көре білуге және оған қамқор болуға тәрбиелеу.	1	04.03.
26	Қысқы еңбек	Балалардың қыс мезгілінде орындалатын еңбек түрлері туралы түсініктерін толықтыру.	1	11.03.
27	Тәтті тағамдар туралы білеміз?	Тәттілердің адам ағзасына пайдасы шектен тыс көп мөлшерде тұтынған жағдайда денсаулыққа зияны туралы айту, түсіндіру.	1	18.03.
28	Көктем келді алақай!	Көктем мезгілінің ерекшеліктері туралы түсініктерін кеңейту.	1	25.03.
29	Менің Көліктерім (велосипед тебеміз)	Велосипед тебуге үйрету.Қимыл-қозғалыстарын дамыту.Шапшаңдыққа, шыдамдылыққа тәрбиелеу, түсіндіру, үйрету,үлгі	1	01.04
30	Ұлттық ойындар туралы біліміз және ойнаймыз	Ұлттық,тұрмыс, салт - дәстүрі туралы әсерлерін толықтыру.Ептілікті, шапшаңдықты, төзімділікті дамыту. Ұжым мақсат әрекетіне бағышу, дағдысын, назар ықыласын дамыту. Бір-біріне деген құрмен, жеңуге деген ұмтылысты дамыту. Ой-өрісін,	1	08.04.

		жадың дамытып, әрекет үйлесінін жетілдіру.		
31	Бесік жырын жаттаймыз.	Бесік жырын тыңдату. Бесік туралы әңгімелесу. Бесік жырын жаттату. Қуыршақты бесікке салып, тербетіп, бесік жырын айтуға үйрету	1	15.04.
32	Тамаша көңіл-күй әлемінде	Балаға өзінің көңіл күйін анықтап бағалай отырып өзгелердің көңіл күйіне назар аудара білуге үйрету; «көңіл күй» ұғымын бекіту;	1	22.04.
33	Менің анам	Отбасындағы ананың рөлі туралы түсінік беру. Балалардың өздеріне аналары жайлы әңгімелету арқылы отбасы мүшелерінің арасындағы сыйластық туралы түсінік. Ананы қадірлеуге тәрбиелеу.	1	29.04.
34	Мен суретші боламын	«Суретші деген кім?» сұрағына жауап беру. Пейзаждармен таныстыру. Суретші құралдарымен таныстыру.	1	06.05
35	Күн, жұлдыз, ай туралы білейік	Аспан денелерімен оның ішінде күн, жұлдыз, ай суреттерін көрсете отырып, табиғатпен адамның байланысын. Аталған табиғатсыз мүмкін еместігін әңгімелеу. Күннің, айдың, жұлдыздыдың суретін салу, бейнелеу.	1	13.05
36	Жазды күні	Жаздағы табиғат көріністері, адамдардың киімдері, ойындар туралы әңгімелесу, сөздер мен сөз тіркестерін дұрыс қолдануға үйрету, тақырыпқа сәйкес диалогке қатыстыру.	1	20.05

Тәрбиеші: Спабекова И.

Тексерілді _____
Балабақша әдіскері:

А. Егембердиева

№ 1 Вариативтік компонент

Мерзімі: 03.09.21ж.

Білім беру саласы: Таным

Бөлімі : Жаратылыстану.

Тақырыбы: Күз келді!

Мақсаты: табиғаттағы маусымдық өзгерістер туралы, жыл мезгілдері туралы түсініктерін қалыптастыру.

Білімділік: Табиғаттағы ауа райының жайын бақылауды және бақылау нәтижелерін табиғат күнтізбесіне белгілей білуді үйрету.

Дамытушылық : Қарапайым дербес тәжірибе әрекетін ұйымдастыру арқылы балалардың түсініктерін дамыту.

Тәрбиелік: Құрдастарына достық қарым-қатынасты тәрбиелеу.

Алдын ала жүргізілетін жұмыстар: суреттерді қарау; күз құбылыстарын бақылау, жұмбақ шешу, қарапайым тәжірибе жұмысы, зерттеу серуені, тақпақ жаттау.

Жабдықтар мен материалдар: Тақырып бойынша иллюстрациялық материал, бояу қарындаштар, «Күз» тақырыбында кеспеқағаздар,

Сөздік жұмыс: күз, жыл мезгілі, өнім, киім.

Қостілділік компонент: күз – осень

Мотивациялық қозғаушылық.

Өлең оқып, оқу қызметіне жағымды көңіл күй қалыптастыру.

Балалардан жыл мезгілдерін естеріне түсіріп, оларды атауды сұрау.

Бұдан соң жұмбақ жасырып, оны шешуді ұсынамыз, табиғатта қандай өзгерістер болғанын сұрау.

М. Әлімбаев.

« Күз келді»

-Сарғайды тоғай,

-Жапырақ ұшты,

-Сап-сары маңай.

-Суық та түсті.

-Соңғы әнін айтып,

-Сонда да бізге,

-Құс кетті қайтып.

-Қызық көп күзде.

Ұйымдастырушылық – ізденістік.

Жыл мезгілдерін атайды. Жұмбақ шешеді:

Өрік, алма, шие, алма,

Жидек, жүзім піседі,

Қауын, қарбыз, қияр, сәбіз

Дүкендерге түседі,

Астық пісіп, орақ орып,

Қырман дөңге толады.

Бөбектерім, айтыңдаршы,

Бұл қай кезде болады? (Күз)

Ізденістік- ұйымдастырушылық

Балаларды әліппе – дәптердегі ауа райы күнтізбесімен жұмыс істеуге дайындау. (бұл жұмыс әр сабақ сайын жүргізіледі)

Бүгінгі ауа райы қандай екенін белгілеу.

Күз туралы не білетінін еркін түрде әңгімелейді: Күз келді. Күннің жылуы.

Аспанды бұлт қаптады. Жаңбыр жиі жауады. Адамдар қолшатырмен жүреді. Ағаштарда жапырақ жоқ. Жапырақтар сарғайып, жерге түсіп қалды. Жыл құстары оңтүстікке ұшып кетті. Бау – бақшада өнім жиналды.

Суретті қарауға шақыру:

-Суретші қай жыл мезгілін суреттеген?

-Ол неден байқалады?

Жанды және жансыз табиғаттағы өзгерістерді атауды ұсынамыз.

Қорытынды жасалады.

« **Күз бен қысты салыстыр** » ойыны. (Педагог сөйлемді бастайды, балалар аяқтайды).

– Жазда күннің жарығы мол, күзде...

– Жазда адамдар жеңіл киінеді, ал күзде...

– Жазда ағаштар жап – жасыл болып жайнап тұрады, ал күзде...

– Жазда адамдар өнімді өсіреді, ал күзде.....

– Жазда балалар демалады, ал күзде.....

Сергіту сәті

Алтын, сары, қызыл, көк. (Балалар қолдарын біртіндеп санайды).

Алуан-алуан жапырақ (Қолдарын жоғары көтеріп, жапырақтардың желмен қозғалғанын бейнелейді)

Күзгі бақта күлімдеп (Балалардың жүзінде қуаныш пен күлкі.)

Көз тартады атырап. (Екі қолын маңдайына кезек тақап, көздерін көлегейлеп, алысқа қарайды.)

Ой, алақай, тамаша! (Орындарынан тұрып, секіріп, алақандарын Шапалақтайды.)

Шашу шашты жапырақ. (Шашу шашқандай қолдарын екі жаққа құлаштай сермейді.)

Жағдаят.

Күз келді. Ауа райы өзгерді. Біз таңертең балабақшаға жиналып жатырмыз. Қандай киімді таңдаймыз? Киімді дұрыстандау үшін, даладағы ауа райы қандай екенін анықтап алуымыз қажет. Балаларға олардың балабақшаға қандай киіммен келгені туралы әңгімелеуді ұсыну.

Берілген суреттердегі киім түрлерін қоршау қажет. Суреттерден күзгі ауа райына сай киінген балаларды табады, сол суретті белгілейді.

Келесі нұсқа ретінде:

Жаңбыр жауып тұрғанда, күзде ауа райы қандай деп айтылатынын еске түсіреді? (Жауын-шашынды немесе жаңбырлы).

Мұндай ауа райында біз қандай киім мен аяқ киімді таңдаймыз?

Мұндай ауа райында қандай киім мен аяқ киімді таңдайтынын анықтайды.

Жел соғып тұрса ше? Мұндайда ауа райын қандай дейміз? (Желді)..

– Егер далада күн суық болса – ауа райы... (суық) деп айтылады. Мұндай ауа райында қалай киінеміз?

– Егер далада ылғалды, дымқыл болса, ауа райы да... (ылғалды, дымқыл) деп аталады.

Мұндайда адамдар қалай киінеді?

– Күн сәулесін шашып тұрса, ауа райы (ашық). Қандай киім киеміз?

Күзде табиғатта қандай дыбыстар болуы мүмкін екенін талқылайды: жапырақтар сыбдыры, қақпаның сықыры, желдің уілі, құстардың, жаңбырдың т.б. дыбыстары.

Рефлексиялық – түзетушілік

Балаларға өзінің көңіл күйін қандай да бір жануардың (өсімдіктің, гүлдің) бейнесімен салыстырып, оның суретін салуды немесе сөзбен түсіндіріп, сипаттап беруді ұсынуға болады.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: табиғаттағы маусымдық өзгерістерді, жыл мезгілдерін атайды;

Игереді: табиғаттағы өзгерістерді не үшін бақылау қажеттігін; күзде қалай киіну керектігін;

Меңгереді: бақылау, еңбек, тәжірибе арқылы себеп-салдарлық байланыстарды өзі анықтайды.

№ 2 Вариативтік компонент

Мерзімі: 10.09.21ж.

Білім беру саласы: «Әлеумет»

Пән: «Қоршаған орта»

Тақырыбы: «Менің балабақшам».

Мақсаты: Баланың өзі және өзінің топтағы жағдайы туралы түсініктерін кеңейту. Балабақша қызметкерлері туралы ұғымдарын кеңейту. Ересектерге көмектесуге ынталандыру.

1. Тәрбиелік: Тәрбиешінің үлгісі бойынша әңгіме құрастыру; сурет бойынша сұрақтарға жауап бере алу.

2. Дамытушылық — Балалардың бір-біріне деген қамқорлығын арттыру.

Педагогикалық технологиялар: ойын түрінде

Ресурстармен қамтамасыз ету: Әр балаға арналған мазмұнды суреттер, жеке жұмыс жасау.

Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы

1. Ұйымдастырушылық кезеңі: «Ізгі сөздер»

Бақшамызға барғанда,

Жолыққан бар жандарға,

«Қайырлы таң!»- деймін мен.

Күндіз де елді елеймін:

«Қайырлы күн!»- тілеймін.

Үйге кешке келемін,

Не дерімді білемін:

«Кеш жарық!»- деп кіремін.

Балалар шеңбер бойына тұрып, өлең жолдарын айтып, өлең мазмұнына қарай қимыл-әрекет орындайды.

2. Негізгі бөлімі: Тәрбиеші ұжымдық жұмыс арқылы балаларға балабақша қызметкерлерінің еңбегімен таныстырып, оларды бағалауға, құрметтеуге үйрету мақсатында «өз үйім – менің бірінші үйім, балабақша – екінші үйім» деген тақырыпта әңгіме жүргізеді.

— Балалар балабақша дегеніміз не? -Екінші үйіміз

— Балабақшада біз не істейміз? -Ойнаймыз, оқимыз

— Ал балабақшаны біз екінші үйіміз деп айта аламыз ба? - Иә

— Бұл үлкен үйімізде бізге кім қамқорлық көрсетеді, аялайды? -Апайлар

— Балабақшада сендер үшін қаншама адам жұмыс істейді?

— Қане, олар кімдер және не істейді екен?-апай, аспазшы, дәрігер, т.б.

Жүректен жүрекке шеңбері. Алдын ала берілген өлеңді жатқа айту.

Жүректен жүрекке шеңбері.

Жаксылыққа құмармыз,

Жаксы адам боп шығармыз.

Бізді жақтап отырған,

Сендерге де мың алғыс!

Балабақша туралы әңгімелеу.

Тазалықшы – екінші үйімізде өз үйіміздей жылы, таза болсын деп бөлмемізді жуып, тазалайды.

Аспазшы — біз үшін дәмді тамақ әзірлейді.

Дәрігер – сендердің дендеріңнің сау болуын қадағалайды.

Кір жуушы – біздің сүлгілерімізді жуып береді.

Тәрбиеші апайлар – сендер жаксы адам болып өсулерің үшін бәрін үйретеді.

Тәрбиеші: Ал осымен сабағымыз аяқталды.

Сау болыңыздар!

Сау болыңыз!

3. Қорытынды: Тәрбиеші балалардан бүгінгі жиыннан алған әсерлерін, көңіл күйлерін, немен айналысқандарын, не үйренгендерін сұрайды. Балалар немен айналысқандары, не білгендері, не үйренгендері жайлы әңгімелеп айтады.

Тақырыбы: Мен және менің отбасым

Мақсаты: Балаларға отбасының өте қымбаттылығын, қажеттілігін, бағалы байлық екенін түсіндіру.

Отбасы мүшелерін дұрыс атай білуге машықтандыру.

Әдіс –тәсілдері: шаттық шеңбері, түсіндіру, сұрақ – жауап, талдау, өлеңдер тыңдау

Білім салаларының байланыстылығы: қатынас, математика, музыка, өзін-өзі тану

Әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Дәлелдеу - ояту	Балалар, бүгін бізге қонақтар келіпті амандасып алайық. Үлкенге де сіз, Кішіге де сіз, Барша жанды құрметтеп Бас иеміз біз.	Балалар қонақтармен амандасады
Ұйымдастыру іздену	- Қане, балалар қолымдағы тұрған күнді біз мейірбан, жан-шуағын төгетін құдіретті ананың біріне теңесек, біз оның жүрегіндегі көлеңке сезімін сейілтейік, ол үшін бетіндегі түнерген бұлттарды ашайық. II. Өткенге шолу 1-бұлт - Бір жылда неше мезгіл бар? - Бір мезгілде қанша ай болады? 2-бұлт - Күз мезгілінің айларын кім айтады? - Алтын күздің ерекшеліктері неде? - Кім күз туралы өлең біледі 3-бұлт - Қыс мезгілінде қандай айлар бар? - Қыста табиғат қалай өзгереді - Кім қыс туралы өлең айтады? 4-бұлт - Көктемнің айларын атап шығындар - Көктемде табиғатта қандай өзгерістер болады? - Кім көктем туралы өлең біледі? 5-бұлт - Жаз мезгіліне қандай айлар жатады? - Жазда нелер піседі? - Кім жаз туралы өлең айтады? III. Күн ашылды Күлімде, күн күлімде! Бүлдіршіндер қуансын. Қырдың қызыл гүліндей, Қолдарына ту алсын! Осы жарқыраған күн мейірімін, жан шуағын төксе, адамгершілікті, мейірімділікті, жылы сөздерді кімнен аласындар? -Дұрыс айтасындар балалар анадан, әкеден, атадан, әжеден, ағадан... — Олай болса, балалар, бүгін біз «Мен және менің отбасым» тақырыбында әңгімелейміз.	Тыңдайды Балалар жыл мезгілдері туралы сұрақтарға өз беттерінше жауап береді Тыңдайды Балалардың жауабы Суретке қарап әңгімелеп

	Суреттегі отбасы мүшелерін ата? Кімнің немен айналысып жүргенін айтып бер? Ой шақыру. Күн шуғын толтыру Апа, ата, іні, анна, сіңілі, әке, әже, аға. «Туыстық атаулар» атты бейне көріністі тамашалау. Балалар, бүгін біз ата- аналарымыз, туыстарымыз, бауырларымыз жайлы айтамыз. Ешкім де туысқан – туғансыз, ағайынсыз емес. Кім болса да, адамнан тараған, сонысымен ол көп жапырақты, көп тамырлы ағашқа ұқсайды. Туыстар дегеніміз – сол бір түбірден өскен, бір ағаштың бұтақтары тәрізді. Сол себептен біздің ата- бабаларымыз «Туысым – түп тамырым» деп бекер айтпаған. Сергіту сәті Бас бармағым — атам Шаңырақ данасы Балан үйрек — әжем Шаңырақ анасы Ортан терек — әкем Шаңырақ панасы, Шылдыр шүмек — анам Ошақ ажары Кішкене бөбек — мен Бәрінің базары Мінеки, балалар, біздің бес саусағымызды отбасы мүшелерінің аттарын қойып атауға болады екен. Ойын: «Жүректен жүрекке» — Сенің отбасында қанша адам бар? Санап санын жаз? Б.Серікбаевтің «Мен –апамның ай мен күні» өлеңін оқу Апам мені: «Айым!» — дейді, Мен мұнайсам, уайым жейді. Апам мен: «Күнім!» дейді, Мен қуансам, күлімдейді Сендерді үйлеріңде атаң, әжең, әкең, анаң, тәтең, қалай еркелетеді?	беруді үйренеді Ата,әже, әке, ана, аға, апа, іні деп өздері тақтаға суреттерді іледі. Балалар бейне көріністі тамашалайды. Сергіту жаттығуын қимыл-қозғалыспен орындайды. Балалар ойынды қызығушылықпен ойнайды. Отбасында қанша адам бар екенін санап айтып жүрекке санын жазып тақтаға жапсырады Балалар өлеңді мұқият тыңдайды Отбасы қалай ерке-лететінін айтып береді.
Рефлекс түзету	Қорытынды Туысқандық парыз – ағайын – туысқанға бір әулеттің жалғасымыз деген сезіммен қарау, соған лайық	

	жақындық жасап, ілтипат көрсету, жиі барып тұру, хал – жағдайын сұрасып, қажет жәрдем көрсету, қуаныштарында құттықтап тұру. Солай еткенде әр туыстың отбасы сәулетті, берік те бекем, берекелі болмақ. -Бәрімізде, балалар, ата-анамыздың құшағында бақытты өмір сүріп жатырмыз. -Әрқашан аспанымыз ашық болып, күніміз жарық болып ата-анамыз әрдайым қасымызда болсын. Олай болса «Әрқашан күн сөнбесін!» әнін бәріміз бірге айтайық. Мадақтау	Балалар әнді ұйымшылдықпен орындайды. ҰОІӨ-не жақсы қатысқан балалар мадақталады.
--	--	---

Күтілетін нәтиже:

Білді: Балалар отбасы мүшелерін бір-біріне туыстық қарым-қатынасын

Игерді: Суретке қарап әңгіме айтуды, қойылған сұрақтарға толық жауап беруді өз ойларынан жеткізе білуді

Меңгерді: «Мен және менің отбасым» тақырыбын түсініп, ойларын нақты жеткізе білуді

№4 Вариативтік компонент

Мерзімі: 24.09.21ж.

Білім беру саласы: әлеуметтік орта.

Бағдарлама тарауы: қоршаған ортамен танысу.

Тақырыбы: Отбасы мүшелері кімдер?

Мақсаты: «Отбасы» құндылығы туралы түсініктерді отбасы туралы ұғымдарды кеңейту, оны сүйе білуге, отбасы игілігі үшін талмай еңбек етуге үйрету;

Білімділік: балаларға өз отбасы мүшелері туралы айтып, олардың қамқорлықтары туралы білім беру,

Дамытушылық: әр түрлі тапсырмалы, ойындар арқылы, мақал-мәтел жаттатқызу арқылы тілдік қорларын дамыту, өз ойларын айқын жеткізуге, үш тілділікке үйрету.

Тәрбиелік: үлкендерді сыйлауға, кішілерді құрметтеуге, қамқорлыққа, бір-бірімізге жақсылық жасауға тәрбиелеу.

Құрал-жабдық: отбасы суреттері, балалардың отбасылық фотосуреттері, дидактикалық ойын "Бұл кімге тиісті", интерактивті тақта.

Әдіс-тәсілдер: Түсіндіру, әңгімелеу, ойын.

Әрекет кезеңдері	Педагогтың іс-әрекеті	Баланың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушы	Ұйымдастыру кезеңі: “Қайырлы күн” деп айтамыз, Түсте бірге қайтамыз. Отбасының гүліміз. Көңілді өтер күніміз.	Балалар ұйымдастыру кезеңін қимылмен, іс-әрекетпен дене мүшелері арқылы көрсетеді.
Іздену ұйымдастыру-шылық	Күтпеген сәт: «Қонаққа Дымбілместің келуі». Балалар қарандаршы бізге бүгін қонаққа Дымбілмес келіпті. - Сәлеметсің бе Дымбілмес? Дымбілмес: - Сәлеметсіңдер ме? Балалар маған сендерден көмек керек. Білгішбек екеуіміз бәстестік. Егерде мен оның берген жасырған жұмбақтарын шешіп берсем, ол мені өзінің «Білгіштер» тобына қабылдайды. /жылайды/ Енді қайттім, мен қанша оқысам да басыма түк кірер емес. - Дымбілмес жылама, Балалар не істейміз? Дымбілмеске қол ұшымызды береміз бе? - Рахмет, балалар. Міне, Білгішбектің тапсырмалары: 1-жұмбақ: <u>Кім</u> отыр кәріміз, Қуат берер дәріміз. Әулиедей аялап, Ардақтаймыз бәріміз! 2-жұмбақ: <u>Кім</u> менің асыл жан <u>Жақсылыққа</u> үйретіп, <u>Жамандықтан</u> шектейді. <u>Кімге</u> ешкім жетпейді! 3-жұмбақ: <u>Кімім</u> менің ардақты <u>Алтыннан</u> да салмақты	Балалар аң-таң болып қарайды. Сәлеметсіз бе. Иә, көмектесейік. Қол ұшымызды береміз. Ата Әже Әке Ана

<i>Қиын-қиын жолдардан Қорықпаймын ол барда Кім деген ардақты ат Өтемін оны ардақтап.</i> 4-жұмбақ: “Кімім” – деп балаң жырын арнаған Неге ғана естімеген тәтті үнін Кімім менің – өмірдегі тірегім Кімім менің – кеудемдегі жүрегім Егер менің қасымда сен болмасаң Бұл өмірде қалай ғана жүремін. Балалар біз жұмбақтың дұрыс жауабын таптық. Дымбілмес: - Рахмет балалар. Алақай, мен енді «Білгіштер» тобына қабылданам. Балалар сендер маған көмектестіңдер. Енді мен Білгішбекке барып жауабымды айтайын. Сау болындар. - Балалар, біз кімдер туралы айтып отырмыз. Бір сөзбен қалай атаймыз? - Өте жақсы балалар, отбасы мүшелері. Отбасы - адам баласының өсіп-өнер алтын ұясы. Адамның өміріндегі ең қуанышты қызық дәурені осы отбасында өтіп жатады. Олар бізге осы дүниедегі ең жақын, бізді әркезде қолдап, қол ұшын беріп, көмектесетін, ақыл айтатын, жаман мен жақсыны, оңмен солды үйрететін ең жақын адамдар. /баяу ән қосылып тұрады/ Қане балалар, біраз сергіп алайық. Сергіту сәті: Үйде нешеу екенбіз Кел санайық екеуміз, Бас бармағым папам Балаң үйрек анам. Ортан терек ағам Шылдыршүмек мен Кішкене бөбек сен. Бір үйде біз нешеуміз Бір үйде біз бесеуміз. Балалар сергіту сәтінде кімдер туралы айттық? Иә, дұрыс айтасындар сендердің әрқайсыларыңның өз отбасыларың аналарың, әкелерің, апайларың, ағаларың, қарындастарың, інілерің бар. Сендер оларды қатты жақсы көресіңдер ме? /отбасы мүшелерін айта отырып балаларға суреттерін көрсету/ Жақсы, ендеше балалар сендерге үйге әрине, ата-аналардың көмегі арқылы отбасылық сурет галлерейасын жасап	Сауболыңыз. - Отбасы, отбасы мүшелері. Үйденешеу екенбіз Кел санайық екеуміз, Бас бармағым папам Балаң үйрекеңам. Ортан терек ағам Шылдыршүмек мен Кішкене бөбек сен. Бір үйде біз нешеуміз Бір үйде біз бесеуміз. Балалар сергіту сәтін тәрбиешімен бірге жасайды. Әке, аға, ана, әже, ататұралы. Иә, жақсы көреміз. Қатты жақсы көреміз. Балалар өз отбасы жайлы ата-аналармен жасалған альбомдарын көрсетіп, өз отбасы туралы шағын әңгімелеп береді. Балалар байлауышты алып әженің жанына апарып орналастырады. Балалар көзілдірік пен кітапты атаның жанына апарып орналастырады. Балалар ойынды қызыға ойнайды. Дария: Менің атам өте ақылды адам. Асанали: Ал менің атам мені еркелетеді. Жадыра: Менің атам мен қалаған затты алып береді. Мусаэль: Менің атам маған көп әңгімелер мен ақылдар айтады.
--	---

	келулерінді ұсынғам. /көрмеге назар аударамыз/ Жақсы балалар, кім маған өз отбасы туралы айтып береді? Дидактикалық ойын. «Қай зат кімдікі» Шарты: Берілген отбасы мүшелерінің суреттерінің тұстарына балалар өзіне тиесілі заттарын алып жанына қояды./тапсырма интерактивті тақта арқылы орындалады./ Мақсаты: ойын арқылы отбасы мүшелерін ажырата білуге, кімге қай зат тиесілі екенін табуға, балалардың есте сақтау қабілетін, зейінін, ойлау қабілетін дамыту. Жақсы балалар, сендер ойынды өте жақсы ойнап шықтындар. Балалар,ерте заманнан мынандай мақал бар «Ақылды қария - ағып жатқан дария».Бұл мақалды қалай түсінесіндер. Міне, мынау қария-ол атамыз. Ата дегенде бірден ойға қандай ой келеді. Керемет балалар. Иә, біздің отбасымызда ең үлкені, сыйлыда сыйымды, ақылшымыз,ол әрине қариямыз-атамыз. Ал, дария дегенді қалай түсінеміз. Өте жақсы Аяулым. Суы мол, көлемі кең өзен, көл, теңіз «дария» аталатындығын түсіндірме сөздіктен білеміз. «Дария біздің елдің ұғымында теңізден кіші, өзеннен үлкен су». Ал, су балалар таза болады,су бір орнында тұрмай сарқылып ағып жатады екен. Ендеше қариямыз дариядай жылдар бойы жинаған ақылын бізге айтып отырады екен. Ендеше балалар осы мақалды жаттап алайық. «Ақылды қария - ағып жатқан дария».	Аяулым: дария таза дегенді білдіреді «Ақылды қария - ағып жатқан дария» балалар бірнеше рет қайталап айтады.
Рефлексивті-корригиялық	- Балалар бүгін біз кімдер туралы айттық? Ойын: «Жылулық лебізі» Балалар бәріміз жулулық шеңбер құрып, атаналарың сендерге қандай жылы сөздер немесе еркелетіп айтатын сөздерін айту керексіндер. Мысалы мен балама «күн шуағым» деп айтам. - Міне, балалар қандай әдемі жылы сөздермен сендерді отбасыларың аялап айтады,біздің жылулық шеңберімізде жылы лебізбен толы болды. Ал, сендер өз отбасыларыңды қандай отбасы деп ойлайсындар? Жақсы сөздермен қорытындылайық. Сендердің ата – аналарың, туыстарың жандарыңда, ал	Отбасы мүшелері туралы 1-бала жаным менің. 2-бала: күнім менің. 3-бала: жапалағым менің. 4-бала: арыстаным менің. 5-бала: жаным мен сені жанымдай жақсы көремін. - Тату-тәтті, бақытты, қуанышқа толы, мейірімге толы. - иә Балалар көтеріңкі көңіл-күймен айтып береді.

	сендер бақыттысыңдар ма? Ендеше баріміз бір дауыспен «Біз бақытты балалар»әнімен оқу қызметін аяқтайық.	
--	--	--

Күтілетін нәтиже:

Білу керек: Өз отбасы мүшелерін танып білуді, отбасы мүшелерін олардың аталуын, сұраққа жауап бере алады, көмек көрсете біледі.

Істей біледі: Өз ойларын жеткізе алады, суретпен жұмыс жасай алады, интерактивті тақтамен жұмыс істей алады. Өз ойларын емін-еркін айта алады, мақал-мәтелмен жұмыс жасай алады.

№5 Вариативтік компонент

Мерзімі: 01.10.21ж.

Білім беру саласы: «Таным»

Бөлімі: Жаратылыстану

Тақырыбы: «Менің жануарларым»

Мақсаты: Үй жануарлары туралы түсініктерін бекіту, үй жануарлары төлдерін дұрыс атай білуді үйретуді жалғастыру. Үй жануарларының беретін пайдасы туралы түсінік бере отырып, білімдерін толықтыру. Есте сақтау қабілеттерін дамыту. Үй жануарларына деген сүйіспеншілік сезімге және қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу.

Оқу іс - әрекет әдістері: Өңгімелесу, түсіндіру, суретпен, слайдпен жұмыс, жұмбақ шешу, дид - ойын.

Көрнекілігі: Жануарлар туралы суреттер – слайд, аудиожазба, интерактивті тақта.

Әрекет кезеңі	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушы	Қуанамын мен де, Қуанасың сен де. Қуанайық достарым, Арайлап атқан әр күнге.	Балалар шеңберде тұрып, тақпақ айтып шықты.
Іздену – ұйымдастыру	- Балалар мен бүгін мектепке келе жатып бір сандық тауып алдым. Ол жай сандық емес, сиқырлы сандық екен. Бұл сандықтың ішіне жануарлар мен құстарды сиқырлап салып қойыпты. Оларды құтқару үшін біз сендермен жұмбақтар шешуіміз керек. Егер жұмбақтардың жауабын дұрыс тапсаңдар, үй жануарлар сандықтан босатады. (әрбір жауаптағы жануарлардың суретін шығарып тақтаға ілу) 1. Кезікті бір жануар, Үстінде екі тауы бар. 2. Құлды екен әр шаруа, қазығына құт байлап. Қанша құйып алсаң да, сарқылмайды сүт – қаймақ. 3. Көкке шаншып құйрығын, келеді шауып жүйрігім. 4. Кішкене ғана бойы бар, айналдырып киген тоны бар. 5. Желп – желп етіп сақалы, қолыңнан дәм татады. Балалар бұлардың барлығын бір сөзбен қалай атаймыз. -Балалар, тыңдаңдаршы, нелердің даусы? -Дұрыс айтасыңдар, балалар, осы сиыр, қойды үй жануарлары деп атайды. Үй жануарларына сонымен бірге жылқы, түйе, ешкі және ит пен мысық жатады. Мысық-ол үйде тұрады. Ал, ит үйдің сыртында, үйшікте тұрады. Ол үйді күзетеді. Ит-жеті қазынаның бірі. -Балалар, сендерді ата-әжелерің қандай сөздермен еркелетеді?	(түйе) (сиыр) (жылқы) (қой) (ешкі) «Үй жануарлары.»

- Сендерді ата-әжелерің жақсы көріп,сүйкімді жануарлардың аттарымен еркелетеді екен,қандай тамаша! - Балалар, осы сүйкімді жануарлар төрт түлікке жатады. Олар:түйе,жылқы, сиыр,қой,ешкі.Түйенің баласы-бота, сиырдың баласы-бұзау, қойдың баласы-қозы,ешкінің баласы-лақ,жылқының баласы-құлыншақ. Халқымыздың байлығы да, береkesі де осы малдар. «Ғажайыпстанға саяхат» мульти топтамасынан үзінді көрейік. Үзінді не туралы екен? Олар қайда мекендейді? Оларды кімдер күтіп, баптайды? Олар немен қоректенеді? Оларды неге үй жануарлары дейді? Сөзік жұмыс. Балалар, жануарлар сендерге көмектескендерің үшін рахмет айтып жатыр. Енді біз «Айнытпай сал» ойынын ойнап жіберейік. «ОЙЫН ОЙНАТУ». Олай – былай жүгіріп, ала мысық ойнайды. Аша алмаса есікті, дыбыстайды ол қалай. Күзетші күшік – сакқұлақ, Үй күзетіп шапқылап. Дыбыс шықса қаттырақ, Қалай, қалай үреді. Өте жақсы, балалар. Сергіту сәті. « Қойлар» (Музыкамен). Сонымен балалар үй жанарларына нелер жатады? Өте жақсы балалар. Енді үй жануарларының бізге тигізер пайдасы қандай екеніне тоқталып кетейік. Адамға пайдасы өте көп.Сүтін ішеміз,етін жейміз, киім қыламыз. Сиырдың,қойдың, сүтінен май,кұрт,айран, ірімшік жасайды. Адамдар да оларға қамқорлық көрсетеді. Бағады,шөп,жем, су береді, сауады,көптеген күтім жасайды. Үй жануарлары өздері күн көре алмайды. Ата бабамыздан келе жатқан қасиетті жануарларды өте жақсы көрген,күтіп,қасиеттеп қараған. Енді балалар дәптеріміздегі тапсырманы орындайық. (дәптерде бейнеленген жануарлардың ішінен үй жануарларын тапқызу. Оларды бояту). «ТӨЛДЕРІН ТАП» дидактикалық ойын.	Ботақаным,қозым,құлыным, еркем, кішкентай лағым, қошақаным. Балалар барі тамашалап қарайды Үй жануарлары жайлы Үйде, қорада. Адамдар. Жем, шөп, су Себебі үйде бағылады. Мияу-мияу-мияу Оуп-оуп-оуп Балалар қимылдармен орындайды. Сиыр, түйе, жылқы, қой, ешкі
--	--

Рефлексі - коррекциялау	Жақсы, балалар. -Сонымен бүгінгі сабағымызда не туралы айттық. -Үй жануарларын атайықшы. -Үй жануарларының пайдасы барма. Балалар, бүгінгі сабаққа жақсы қатысқан балаларға сыйлығымыз бар. Сабақты қорыта келе сендерге айтарым, үй жануарлары үнемі қамқор болуымыз керек. Олар үнемі бізден қамқорлық күтеді. Осымен сабағымыз аяқталды. Сау болыңыздыр!	Үй жануарлары туралы. -Сиыр, жылқы, түйе,қой ,ешкі, және мысық, ит. -Бар. Сау болыңыз!
----------------------------	--	--

Күтілетін нәтиже:

Біледі: үй жануарларын, олардың төлдерін атайды.Жұмбақ шешуді.

Түсінеді: Үй жануарларының адамға пайдасын, оларды күтуде адамдардың еңбегін.

Меңгереді: Жануарларға сүйіспеншілік сезіммен және қамқорлықпен қарауды.

№6 Вариативтік компонент

Мерзімі: 08.10.21ж.

Білім саласы: Коммуникация

Тақырыбы: Менің ойыншықтарым

Мақсаты: Балаларды ойыншықтардың түрімен, түсімен таныстыру, тақпақтар айтқызу, сөздік қорын молайту, тіл байлығын дамыту, қабылдау есте сақтау қабілетін жетілдіру. Ойыншықтарды мейірімділікпен және ұқыпты қарауға, таза ұстауға тәрбиелеу.

Көрнекілік: Әртүрлі ойыншықтар.

ҰОҚ барысы:

- Сәлеметсіздер ме балалар. Қайырлы таң. Бүгінгі күніміз көңілді, шуақты, сәтті өтсін.

Шаттық шеңбер:

Кішіге де сіз

Үлкенге де сіз

Баршаңызды құрметтеп

Бас иеміз біз

Ойыншықпенен денеміз

Шынығамыз, өсеміз

Жылдан - жылға

Бір жылға

Үлкен болып өсеміз

- Балалар айтыңыздаршы қазір жылдың қай мезгілі?

- Қыс мезгілі.

- Қыс мезгілі неше айдан тұрады?

- Үш айдан тұрады.

- Аттарын атайықшы.

- Желтоқсан, Қаңтар, Ақпан.

- Қыс мезгілінің ерекшеліктері қандай? Ауа - райы қандай болады?

- Қыс мезгілінде күн суық, аяз, боран, көк тайғақ болады, арасында қар жауады.

- Өте жақсы балалар.

- Ал енді балалар бос уақыттарыңызда не істейсіңдер үйде, балабақшада?

- Ойнаймыз.

- Немен ойнайсыңдар?

- Ойыншықтармен.

- Ия, дұрыс.

- Балалар қараңдаршы қандай әдемі, әсем ойыншықтар. Біз бүгін осы ойыншықтар туралы әңгімелейміз.

- Мына керемет ойыншықтар барлығы балалар үшін жасалған. Олар көптеген үлкендердің еңбегінің арқасында жасалады. Ойыншықтарды пластмассадан, резиннен, матадан, ағаштан, темірден жасайды. Ойыншықтар жұмсақ, қатты, былқылдақ болады.

Ойыншықтарды ұқыпты, таза ұстау керек. Оларды жұлып, бөлшектеп, сындыруға болмайды. Ойнап болғасын жинап қою керек, кірлесе жуу керек.

(Бейне көріністе ойыншықтарды тамашалайды)

Ал енді балалар сүйікті ойыншығымызды қолымызға алып, тақпақ айтайық.

Балалардың тақпақтары:

1-бала

Ойыншықтарым көп менің

Бәрін жақсы көремін

Кешке дейін жалықпай

Бірге ойнап жүремін

2-бала

Ойыншығым қонжығым

Анасын да білмейді

Қарбаңдаған аюды

Түсіндеде көрмейді

3-бала

Ойыншығым қуыршақ
Не берсем де жемейді
Еркелігі соншама
Көтермесем жүрмейді

4-бала

Ойыншығым көжегім
Қорықпайды, қашпайды
Тәтті сәбіз ұсынсам
Ұстай алмай тастайды

5-бала

Добым, добым домалақ
Шаршамайсың домалап
Үстел үстін бүлдірдің
Тәрелкені сындырдың

Сергіту сәті:

Ұзын құлақ сұр қоян
Естіп қалып сыбдырды
Ойлы – қырлы жерлермен
Ытқып – ытқып жүгірді
Қарап еді артына
Қиығын сап көзінің
Келе жатқан томпаңдап
Көжегі екен өзінің

Ойын: «Артық затты тап»; «Жартысын тап»

- Өте жақсы балалар. Бүгінгі оқу - қызметімізге бәріңізде жақсы қатыстыңдар, жарайсыңдар!
- Енді бәріміз бірге өлең айтайықшы!

Ән. «Ойыншықтар»

Біздерде бар қуыршақ
Бұзау, қозы, құлыншақ
Ойыншықтар тыңдайды
Әмір беріп бұйырсақ
Қуыршақтар ұйықтайды
Айтқаныңнан шықпайды
Ал қозы мен құлыншақ
Ұйықта десең ұқпайды
Тыңдамайды ұрысса
Осылары дұрыс па?
Тентектігін тыймаса
Тұрғызамын бұрышқа

- Бүгінгі ұйымдастырған оқу - қызметіміз аяқталды. Сау болыңыздар!

Күтілетін нәтиже:

Балалар ойыншықтардың атауларын біледі, ұқыпты ойнауға үйренеді.

№7 вариативтік компонент

Мерзімі: 15.10.21ж.

Білім беру саласы: Таным

Бөлімі: Жаратылыстану

Тақырыбы: Нан қайдан келеді?

Мақсаты: Нанның қайдан келетіні туралы түсінік беру. Еңбекті бағалап, нанды қастерлеуге тәрбиелеу.

Әдіс-тәсілдер: түсіндіру, сұрақ-жауап, әңгімелеу, көрнекілік

Көрнекіліктер: нанның суреті, муляждар

Іс-әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің қызметі
Мотивациялық қозғаушы	Тәрбиеші балалармен шаттық шеңберіне тұрады. Мен әдепті баламын, Сәлем берем бәріне Атам менен әжемнен Алған тәлім –тәрбием! Жарайсындар! Ал енді орындарына отыра қойыңдар.
Ұйымдастырушылық ізденіс	Балалармен әңгімелесу. - Балалар дастарханға нан қайдан келді? (Балалардың жауабы) - Ал сендер ертегі тыңдағанды ұнатасындар ма? (Балалардың жауабы) - Нан дастарханымызға қайдан келгенін білу үшін «Нан қайдан келеді» ертегісін тыңдайық. Ертегі барысы: Ертеде бір тышқан нан дүкеніне кірді. Сөреде жаңа піскен сап-сары бөлкелер үйіліп тұр екен. Піскен нан иісіне қызыққан тышқан тұмсығын жыбыр-жыбыр тартты. Төмендегі бір бөлкені кеміре бастады. Тышқан: Апырай, қайдан шықты екен осыншама нан. Шыққан жерін біліп алсам, ә!» деп қызығып сатушының қасына келді. Тышқан: Сатушы, сатушы, нан қайдан шығады? – деді сыбырлап. Сатушы: Тышқан мен саған нанның дастарханға қандай еңбекпен келетінін көрсетіп айтайын. Бірінші жер жыртады. Жыртылған жерге дән себеді. Оны диқандар суарады. Сепкен дәндер өсе бастайды. Бидайдың сабақтары пайда болады. Бидайды күзде жинайды. Машинамен диірменге апарады. Диірменде бидайды тартады. Тартылған бидайдан ұн пайда болады. Ұн қандай? (жұмсақ, ақ, жеңіл) Ұнды наубайханаға апарады. Наубайшы ұннан нан илеп, пісіреді. Тышқан: Ой мұның азап қой. Мен шалқайып жатып – ақ нан таба аламын, - деп қутың-қутың етті Тышқан. Сатушы: Әне мысық келе жатыр, дегенде Тышқан зып беріп

	қашып кетті. Тышқанға мысықтан қашуға көмектесу үшін «Мысық пен тышқан» ойынын ойнату. Шарты; балалар бір бірінің қолдарынан ұстап шеңбер құрып тұрады. Тышқан мысықтан қашып кете алуы керек. Дөңгелене тұрған балалар тышқанды құрқару үшін қақпадан тышқанды шығарып жіберіп мысықты шығармауға тырысады. Тәрбиеші: Балалар ертегі не туралы? (Нан туралы) Ертегі кейіпкерлерін атайықшы (Тышқан, сатушы) Тышқан неден қашты? (Мысықтан) Нан сөзінің қазақ тілінен орыс тіліне аудармасын бәріміз қайталайық. Нан-хлеб, ұн-мука. Сергіту сәті: Жайқалады ақ бидай, (Қолдарын жоғары көтеріп тербеліп тұрады) Басын иіп аққудай (бастарын иеді) Трактор мен комбайн, Жүргізуге мен дайын. (Қолдарын алға созып, рөл жүргізетін сияқты бейнелейді) Дидактикалық ойын: «Ойлан, тап!» Шарты: берілген сурет қиындыларынан дұрыс сурет құрастыру.
Рефлексивті-коррекциялау	Ойын: «Не артық?» Шарты: ортадағы азық-түліктер арасынан ұннан жасалған тағамдарды бөлек, жемістерді бөлек жинау. - Бүгінгі оқу іс әрекетіміз не туралы болды? - Қандай жаңа сөздермен таныс болдық? Нан – хлеб, ұн - мука - Бүгінгі іс-әрекетіміз ұнады ма? (Балалардың жауабы) - Нан дастарханға жету үшін қаншама адам еңбек етеді, дастарханға көп еңбекпен келген нанды қастелеуіміз керек.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: Нанның дастарханға келу жолын;

Түсінеді: Бидайдың дән кезінен бастап, нанға айналу кезеңдерін;

Игереді: Үлкендердің еңбегін құрметтейді, нанды қастерлеуді;

№8 Вариативтік компонент

Мерзімі: 22.10.21ж.

Білім бөлімі: «Әлуметтік орта»

Білім бөлімі: «Қоршаған ортамен танысу»

Тақырыбы: «Балабақша асханасына қонаққа барамыз»

Мақсаты: балаларды бақша орталықтарымен таныстыру, ондағы заттардың атауларын білу.

Дамытушылық: қоршаған ортамен салыстыра отырып, геометриялық пішіндерді ажырата білуге дағдыландыру. Баланың қиялын, ой-өрісін, есте сақтау қабілетін дамыту.

Тәрбиелік: Қоршаған ортаны аялай білуге және үлкендердің сөзіне құлақ түруге тәрбиелеу.

Көрнекіліктер: ыдыс аяқтар, шөлмек, дақылдар, қамыр, оқтайлар, алжапқыштар, бас киімдер, шөлпек нан.

Тәсілдер: Сұрақ-жауап, әңгімелеу, саяхатқа шығу.

Оқу қызметінің кезеңдері	Тәрбиешінің қызметі	Баланың қызметі
Мотивациялық – қозғаушылық	Балаларды шеңбер бойымен тұрғызып, келген қонақтармен амандастыру. -Балалар қазір жылдың қай мезгілі? -Иә, қыс мезгілі, күн суытып құстар жылы жаққа ұшып кетеді. Бірақ бік күннің суығанынан қорықпаймыз. Себебі біздің топ жылы, солай ма балалар? Балалар бүгін сендермен асханаға қонаққа барып, онда қандай адамдар жұмыс істейтіндерімен танысамыз. Қанекей балалар келіндер, бәріміз шаттық шеңбер жасап, өлең жолдарын айтайық. Біздің балабақша Балабақша есігін Үшке толы ашқанбыз. Балапандай өсіріп, Мәпелейді бақшамыз. Бұл екінші үйіміз, Бір туғанбыз бәріміз. Біз осы үйдің гүліміз, Біз осы үйдің сәніміз. -Балалар келіндер орындарымызға отырайық.	Балалар амандасады -Қыс -иә Балалар шаттық шеңберіне тұрып, тәрбиешімен бірге өлең жолдарын айтады. Балалар орындарына отырады.
Ұйымдастырушылық-ізденістік	- Балалар біздің балабақшамыз қанша қабатты? - Біздің балабақшамыз үлкен бе, кіші ме? - Балалар сендердің естерінде ме, біз бәріміз балабақшадағы барлық бөлмелермен және қызметкерлермен танысқан едік қой. Естерінде ме? Біздің балабақшада асхана, кір жуатын бөлме, медбике бөлмелері бар. - Балалар кір жуатын бөлмеде не жуады? - Ал медбике бөлмесінде кім бар екен? - Медбике апай бізге не береді? - Асханада кімдер бар екен? - Асханада асханашылар бізге не пісіреді? -Дұрыс айтасындар, тамақтар пісіреді. Асханада асханашылар бізге тәтті тағамдар дайындайды. Асхананың іші таза болу керек. Асханада ыдыс аяқтар көп.	-Екі қабатты -Үлкен -кір жуады -медбике апай дәрумен береді. -асханашылар -тамақтар пісіреді.

Рефлексиялық -түзетушілік	Қазан, ожау, леген, қасық, пышақтар өте көп. Біздің балабақшамыздың асханасы төменгі қабатта орналасқан. Асханада шырындар, сусындар, салаттар, сиыр еттері, балықтан тағамдар пісіреді. Балалар біз осы асханаға саяхатқа бармай тұрып, біз асхана ыдыстарымен танысып алайқшы. Жарайды ма балалар? -Қанекей балалар біз асхана ыдыстарымен таныспай тұрып, асханашыларға ұқсап киініп алайықшы. <i>(алдын ала топтың бір шетіне асхана жабдықтарын дайындап қоямын)</i> Ал балалар мұнда келіңдер. Мына тұрған ыдыс-аяқтар, бұлармен тамақ пісіріп, шәй қайнатады. <i>/балаларды асханадағы барлық заттармен жеке-жеке таныстырамын/</i> Жарайсыңдар балалар, қанекей енді ер балалар сендер мына үстел басына, ал қыздар мына үстел басына келе қойыңдар. <i>/ер балалардың үстел үстіне шөлмек, дақылдар (тары, жасымық, маш, ноқат) дайындап қоямын/ Қыздардың үстелдерінде ашыған, зуланған қамыр, ұн, оқтайлар дайындап қоямын/</i> - Қыздар, ұлдар бәрің маған қараңдаршы, мен сендердің қазір не істейтіндеріңді түсіндіріп, көрсетіп берейін. - Ұлдар сендер мына шөлмекке, мына ыдыстағы тары, жасмық, машты қасықпен алып, шөлмеккесаласыңдар, жарайды ма? - Ал мына ноқатты қолдарыңмен алып шөлмекке саласыңдар. - Міне, мынау ыдыстағылар тары, ал мынау маш, ал мына ыдыстағы жасымық. - Ал мына үлкен сары түсі сары, өзі дөңгелек, бұл ноқат екен. -Қыздар енді сендерге келсек, мына алдарындағы қамырды жаю үшін сендерге не дайындап қойдым, мынау не? -Дұрыс айтасыңдар, сендер осы оқтаймен қамырды жайыңдар. Қамырларың жабысып қалмас үшін, ұнды сеуіп пайдаланыңдар. -Ал, ұлдар қалайсыңдар? Дақылдарды салып болдыңдар ма? - Ой жарайсыңдар! Енді шөлмектеріңді қолдарыңа алып, бір қолдарыңмен шөлмектің аузын жауып, шайқап көріңдерші, қандай дыбыстар шығады? -Қанекей қыздар, сендер қамырларыңды жайып болдыңдар ма? Болмаңдар маған	Балалар тәрбиешіні мұқият тыңдай алды. Жарайды. Балалардың бастарына бас киім, алдарына алжапқыш тағамын. Балалар біраз ыдыс-аяқтарды танитындарын және білмейтіндерін айтты. Балалар тәрбиешіні мұқият тыңдайды. Жарайды Балалар қасықтарымен дақылдарды сала алды. Дөңгелек Оқтай Қыздар қызыға қамырды жайып, ұнды қолдана алады. Ұлдар шөлмекті қолдарына алып, бір қолдарымен шөлмектің аузын жауып, шайқайды. Сықырлайды Балалар саусақ жаттығуларын орындай алады. Сау болыңыздар! Дақылдар. Шөлпек. Асханаға. Тамақтар.
----------------------------------	--	---

	бір-бірден әкеліндер, қазанға салып пісіріпалайық. /қазанның ішіне піскен шелпек салып дайындап қоямын, қыздар пісірген шелпекті салып, піскен шелпек алып шығады/ - Қанекей, ұлдар, қыздар шеңбер құрып, жаттығу жасап демалып алайықшы. «Қоймаған» саусақ жаттығуы. /Балалар беторамалдың ұшынан ұстайды да, біртіндеп жұдырығына жинайды. Бұл кезде баланың екінші қолы көмектеспеуі керек/ Қарным менің қомағай Бәрін–бәрін жұтады. Қомағайдың қарны енді, Сусиырдай болып кетті. Балалар келіндер енді қатарға тұрып, асханаға саяхатқа барайық. Сендер білесіңдер ме, асханаға сыртқы киіммен кіруге болмайды. Асханада пештің үстінде үлкен, үлкен кәстрөлдер қайнап тұр. Асханаға барғанда өзімізге абай болайық. -Жүріңдер жолға шығайық, жолға шықпас бұрын тобымыздағы қонақтармен қоштасып алайық. /балаларды алып асханаға барамын/ - Ұлдар, сендер шөлмекке нелер салдыңдар? - Ал қыздар сендер қамырдан не пісірдіңдер? - Балалар біз қайда бардық? - Асханада нелер пісіп жатыр екен? Балаларға ашық оқу қызметінің аяқталғанын, олардың оқу қызметіне жақсы қатысқандары үшін мақтап, мадақтаймын.	
--	--	--

Күтілетін нәтиже:

Меңгереді: балабақшада тамақты асханашылар пісіретінін;

Игереді: асхана сарнайы киіммен кіруді.

№9 Вариативтік компонент

Мерзімі: 29.10.21ж.

Білім беру саласы: Таным

Ұйымдастырылған оқу іс әрекеті: Қоршаған ортамен таныстыру

Тақырыбы: «Балабақша бөлмесі»

Мақсаты: балабақша ішінде орналасқан бөлмелер мен кабинеттерді салыстыруға үйрету.

Балабақша бөлмесінде, аулада еркін бағыт бағдар жасау, топ бөлмесінде және тұрмыста заттарды дұрыс қолдану іскерліктерін жетілдіру. Есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.

Көрнекіліктер: балабақша бөлмелері бейнеленген суреттер немесе фотосуреттер.

Қажетті құрал жабдықтар: әр балаға арналған мазмұнды суреттер, құрастаруға арналған бірнеше бөлікке сурет қиындыларды музыкалық аспап, дәрігер халаты т.б.

Алдын ала жасалатын жұмыс: балабақша бөлмелеріндегі суреттерді қарау. Суреттерді бояу.

Әдіс тәсілдері: сөздік, көрнекілік, ойын, практикалық.

Іс - әрекет кезеңдері

Мотивациялық қозғаушылық

Педогог балаларды шаттық шеңберге тұрғызады.

Бір шаңырақ астында

Тату тәтті тұрамыз

Бірге ішеміз асты да

Бірге сайран құрамыз

Балалар шаттық шеңберін құрып, өздеріне таныс өлең жолдарын айтады.

Ұйымдастырушылық ізденістік

Балалардан балабақша бөлмелері туралы білетіндерін сұрады.

-Сендер таңертең қайдан келдіңдер?

-Қайда келдіңдер?

-Сендердің топтарын қалай аталады?

-Сендердің топтарында қандай қандай бөлмелер бар?

Балабақша ішінде саяхат жасағыларың қала ме? Саяхатқа пойызбен барамыз.

«Пойыз» ойыны

-Біздің пойызымыз қандай ұзын!

Пойызымызға көп вагондар тіркеліпті. Кәне, пойыздың дөңгелектері қалай айналады, көрсетіңдерші.

-Балаларды ас дайындайтын бөлмеге, музыка залына, медбике кабинеті мен кір жуатын бөлмеге алып келеді де ондағы заттармен таныстырады.

-Балалар біз медбике кабинетіне келдік.

-Қалай ойлайсыңдар, неліктен медбике кабинеті деп аталады?

-Кәне, балалар, медбике бөлмесіне қарап, қандай заттар мен құралдар бар екендігін көріп алыңдар.

Бірақта қолдарымен ұстамаңдар.

-Медбике кабинетінде не бар екен? Кабинеттегі медбике құралдары мен олардың орналасуы, сақтаулы, қауіпсіздік ережесі туралы айтады.

-Кәне, саяхатымызды жалғастырайық. Ас дайындайтын бөлмеге алып келеді.

-Қайда келдік деп ойлайсыңдар?

Мұнда кім бар екен?

Аспазшылар мен ыдыс жуатын апайлар бар екен. Аспазшылар бұл жерде не істейді?

Балаларға асхана ішін тек көзбен шолып шығуды ұсынады.

Балалар, медбике кабинеті мен ас даярлайтын бөлме бірбіріне ұқсай ма? Балаларға әр бөлменің айырмашылықтарын айтқызады.

Қандай ұқсастық табуға болады?

Осылайша сұрақтар қоя отырып ас даярлайтын бөлмедегі заттармен таныстырады. Олардың неден жасалғанын айтып түсіндіреді. Үйдегі ас даярлауға арналған пеш пен асханадағы пешті естеріне түсіру арқылы салыстырады. Ас даярлайтын бөлмедегі пештің неге үлкен екенін сұрайды.

Пойызға отырып музыка залына,кір жуатын бөлмеге барып ондағы заттармен,апайлармен таныстырып,олардың музыка жетекшісі мен кір жуушы қызыметі жайлы әңгіме жүргізеді. Педогог үнемі қауіпсіздікті сақтаудың ережесін балалардың естеріне түсіріп отырады. Музыка залы, ас даярлайтын бөлме мен кір жуатын бөлме туралы айтып берулерін сұрайды.

Педогог балабақша бөлмелерін аралатып болған соң топқа келеді.

Педогог балаларды өз қалаулары бойынша екі орталыққа бөледі. Бірінші орталықтағы балаларға медбике,аспаз,музыка жетекшісі, кір жуып жатқан адамдардың т.б. ісәрекеттері бейнеленген суреттерге қарап әңгімелеп беруге,екінші орталықтағы балаларға бірнеше бөлікке бөлінген қиындылардан заттарды құрастыруды тапсырады.

Сергіту сәті. Балалардың өздеріне таныс сергіту сәтін ұйымдастырады.

Үйден келдік.

Балабақшаға келдік.

Тобымыз әдемі

Біздің топта тамақ ішетін,ойнайтын, ойнайтын,ұйықтайтын,киім ілетін бөлмелер бар.

Келеді.

Балалар пойыздан түскен сияқты сыңай танытады.

Себебі онда медбике отырады.

Балалар заттарды қарайды.

Дәрілер,балаларды тындайтын құрал,укол,шприц,көп дәптерлер,кітаптар т.б.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: балабақша ішінде орналасқан бөлмелер мен кабиниттер,ондағы қызыметкерлердің жұмысы,құрал саймандары туралы.

Игереді: асхана,жатын бөлме,кір жуатын бөлме,медбике кабиниті мен онда істейтін адамдардың қызыметі,құрал саймандары туралы білімді.

Меңгереді: балабақша бөлмесінде,аулада еркін бағыт бағдар жасауды топ бөлмесінде және тұрмыста заттарды дұрыс қолдануды.

№ 10 Вариативтік компонент

Мерзімі: 05.11.21ж.

Білім беру саласы: Әлеумет. Бөлімі: Қоршаған ортамен танысу.

Тақырыбы: Менің достарым!

Мақсаты: балаларға «Дос», «Достық» құндылығы туралы түсінік беру;

Міндеттері: Өзінің есімін, тегін атай білуге жаттықтыру. Топтағы балаларды атымен атауды үйрету; «ұл», «қыз» ұғымдары туралы түсініктерін бекіту. Баланың айналаны өзі танып-білуіне жағдай жасау. Адамдармен өзара түсінісіп, қарым-қатынас жасай білуге үйрету.

Қолданылатын көрнекі құралдар: ойыншық тышқан, доп, балалардың суреттері, үлестірмелі материалдар.

1. Ұйымдастыру кезеңі

– Қандай ғажайып таң! Бәріміз шаттық шеңберіне тұрып, бір-бірімізге игі тілектерімізді айтайық.

– Бізге қонаққа келіп тұр. Кім болды екен? (Тышқан жылап кіріп келеді).

Тәрбиеші тышқанның даусына салып:

– Сәлеметсіңдер ме, балалар! Менің көңіл күйім түсіп кетті, өйткені менің достарым жоқ. Қарап тұрсам, сендер өте көңілдісіңдер, сендер көпсіңдер. Мен достардың қандай болатынын да білмеймін.

– Балалар, алдымен танысып алайық. Шеңбер бойымен есімдеріңді атап шықсаңдар, жақсы болар еді.

2. Негізгі кезең Білімді өзектендіру:

– Тышқанға көмектесіп, достың қандай болатынын және достық туралы айтып берейік.

– Сендердің достарың бар ма?

– Достық дегенді қалай түсінесіңдер?

Достық тақырыбында әңгіме өткізу.

– Достық (дружба) – адамдардың бір-бірімен жақсы ниетпен араласуы, бірге ойнауы. Балалар, нағыз достың қандай болатынын білесіңдер ме?

Ынтымақ – адамдар арасындағы ұйымшылдық, бірлік.

Үлестірмелі материалмен жұмыс.

Тапсырманы қалай орындау керектігін түсіндіреді, қалай орындағандарын қадағалайды. Жеке жұмыс жүргізеді.

«Иә немесе жоқ» ойыны.

Шарты: педагог сөйлемдерді айтады, балалар келісетіндерін немесе келіспейтіндерін «иә», «жоқ» деген жауаптармен білдіреді.

– Ұзақ дос боламыз.

– Достықты біз бағалаймыз.

– Бірге ойнаймыз.

– Бір-бірімізге көмек көрсетеміз.

– Достарды ренжітеміз.

– Досымның қолындағы ойыншығын тартып аламын.

Саусаққа арналған жаттығу: Достық

Қыздар менен ұлдар

Дос қой біздің топта.

Ұсынса біреу қолын,

Ешқашан бас тартпа.

«Досың туралы айт» жаттығуы.

– Досыңның есімі кім?

– Сенің досың ұл ма, әлде қыз бала ма?

– Досың ызақор ма әлде мейірімді ме?

3. Рефлексия.

Тышқан: Балалар, сендерге көп рақмет.

Менің кетуім керек. Енді мен дос табатыныма сенімдімін, өйткені мен дос және достықтың не екенін түсіндім. Балалармен қоштасады.

Күтілетін нәтижелер:

орындайды: заттарды сипаттап айтуға және басқа да ойыншықтардың неден жасалғанын ажыратуға арналған тапсырмаларды.

түсінеді: металл және ағаштан жасалатын ойыншық түрлері туралы мәліметтерді тыңдап, қолданады: заттардың қандай материалдардан жасалғанын анықтап, оларды топтастыра білу дағдыларын.

№11 Вариативтік компонент

Мерзімі: 12.11.21ж.

Тақырыбы: Құстар біздің досымыз

Мақсаты: Балаларға әңгімелеу, ұғымдарын кеңейту, құстар туралы мағлұмат беру, ой-өрістерін дамыту, Отанына, жерін, табиғатын сүйуге, қамқор болуға тәрбиелеу.

Дамытушылық: Балалардың ой - өрісін дамыту

Тәрбиелік: Құстарға қамқор болуға тәрбиелеу

Әдіс – тәсіл: Әңгімелеу, түсіндіру, сұрақ – жауап, сергіту – сәті, қорытындылау

Көрнекілік – құрал: Сурет слайд, үн таспа

Шаттық шеңбер

Күннің көзі ашылды,

Көкке шуақ шашылды

Сәлем дейік үлкенге

Сәлем, сәлем достарым!

Балалар ал енді орындарына жайғаса қойындар. Балалар ең алдымен біз әдемі орманда жүргендей болайық.

- Балалар қазір жылдың қай мезгілі? - - Қыс мезгілі

- Қыс мезгілі неше айдан тұрады? - - Қыс мезгілі үш айдан тұрады

- Өте жақсы

- Қыс айларын атаңыздаршы? - - Желтоқсан, қаңтар, ақпан

- Қыс мезгілінің қандай өзгерістері бар? - - Күн салқын, боран соғады, қар жауады, мұз қатады

- Өте жақсы

- Балалар біз бүгін құстар туралы әңгімелейміз

Құстардың түрлері өте көп. Құстар табиғатқа сән береді. Құстардың әуені табиғатты құлпыртады, адамдардың көңіл – күйін көтереді. Өзіміздің жерімізде мекендейтін құстар туралы айтамыз.

- Балалар құстар екі топқа бөлінеді екен?

- Үй құстары және дала құстары

- Ал үй құстарына қандай құстар жатады?

- Өтеш, тауық, үйрек, қаз

- Неге үй құстары деп атаймыз?

- Себебі оларға жем, су беріп үйде бағамыз

- Үй құстарының қандай пайдасы бар?

- Үй құстары бізге жұмыртқа береді, етін жейміз

- Ал енді балалар жыл мезгілінде өзгерістер болғанда құстар жылы жаққа ұшып кетеді. Кетпей қыстап қалатын құстар бар олар: қарға, торғай, көгершін, сауысқан. Себебі олар суыққа шыдамды болады.

- Жылы жаққа ұшып кететін құстар оларды жыл құсы деп айтамыз. Себебі күн салқындағанда жылы жаққа ұшып кетеді, күн жылығанда ұшып келеді. Олар аққу, қарлығаш, тырна, тоқылдақ, қараторғай. Қазақ халқы сұлу қыздарын аққуға теңеген екен.

- Ал мынау қарлығаш. Қарлығаш адамға дос. Ол өзінің ұясын, ауланың айналасына салады.

Қарлығаш адамға жақсылық тілеп жүреді және қауіп қатерден қорғайды.

- Мынау балалар тоқылдақ

- Тоқылдақ халық орман емшісі деп атайды. Ол ағашты құрт – құмырскадан тазартады.

- Ал мынау қараторғай

- Қараторғайдың да пайдасы көп. Шыбын шіркейден қорғайды.

Ойын: « Құстар қайда мекендейді»

Мақсаты: Балалар құстар қайда мекендейтінін білу керек.

- Өте жақсы, балалар.

- Балалар орындарына жайғаса қойын.

- Құстар арналған өлең шумақтар білеміз ба?
- Қане кім айтады?

Құс сұлуы аққуым,
Табиғат көркін сылаған
Мылтығын кезеп еш мерген,
Атуға көзі қимаған
Сұлулықты паш етіп
Жырлаған талай ақындар
Нәзік үнді, көл көркі
Құс патшасы мен болам

Мен қарлығашпын
Адамның тұрағымын
Мекен етіп тұрамын
Тазалаймын үй – ішін
Ел аузында мақтаулы
Тазалықшымын төселген

Мен торғаймын, торғаймын
Кел, сенімен ойнаймын
Ұлпа мамық жинаймын
Аязда да тоңбаймын

Сирағы ұзын тырнамын
Тырнағы ұзын тырнамын
Балықты сүзбей,
Ұстайтын шоқып
Тұмсығы біздей тырнамын

Тысқа шықсам аула қар
Басып қапты маңайды
Тал басынан қарғалар
Тамашалай қарайды

Ала қанат сауысқанмын
Жауыр атқа жабысқанмын
Ұзын құйрық сауысқанмын
Құртты шұқып тауысқанмын

Қанаты бар талмаған
Аспанда ұшып самғаған
Жауын шыбын шіркейден
Табиғатты қорғаған

Мен қоразбын, қоразбын,
Жалқаулар мен аразбын
Таңды бұрын қарсы алып
Елді оятам жар салып

Мен тауық, тауықпын
Жүремін мен мақтанып
Құс болсам да ұшпаймын
Балапанды қорғаймын

Ақ шаңқан шағала
Айдында жағада
Шарқ ұрып жүреді
Жүзе де біледі
Барлығын қалаған
Ұшып кеп, іледі

- Өте жақсы

- Ал енді мен сендерге жұмбақ жасырайын. Мұқият тыңдаймыз

Жұмбақ

Бұдыр – бұдыр балшықты
Жинады да талшықты,
Ұқсатып қамытқа,
Үй салды жабыққа. (Қарлығаш)

Ұшқаны қызық жалпылдап
Өзі сондай қарқылдақ (Қарға)

Бұрап қойған сағаттай
Айқайлайды таң атпай (Өтеш)

Судан шыкса баладай
Тәй – тәй басып қаладай (Қаз)

- Балалар біз мақал – мәтел білеміз ба?

- Қане кім айтады?

Қарға қарқылдаса, қысты шақырады

Қаз қаңқылдаса жазды шақырады

Көкек өз атын шақырады

Құс жеткен жеріне қонады

- Өте жақсы балалар

Ойын: «Мысық пен торғайлар»

Мақсаты: Балаларды шапшаңдыққа үйрету

- Өте жақсы балалар орындарыңа жайғаса қойыңдар.

- Ал енді балалар тыйым сөздер білеміз ба?

- Қане кім айтады?

Аққуды атпа, Досыңды сатпа!

Құстың ұясын бұзба!

Құстың жұмыртқасын жарма

- Өте жақсы

- Балалар құстар жылы ұя салып соның ішіне жұмыртқа салады. Құстар жұмыртқасын басып балапан шығарады. Халқымыз құстардың келуіне қарап болжамдар жасаған.

- Балалар біз болжам білеміз ба?

- Қане кім айтады?

Өтеш жаңбырлы күні таң – ата шақырса, күн ашылады.

Құстар ертемен жем іздеуге шыкса, күн жауын – шашынды болады.

Қарға жазда аузын ашып қарқылдай берсе, найзағай ойнайды.

Құстар көңілдене сайраса, күн ашық болады.

- Өте жақсы

Сергіту сәті

Күн болып шығамыз

Гүл болып өсеміз

Құстар болып ұшамыз

Көбелек болып қонамыз

- Өте жақсы балалар

Қорытынды:

- Балалар құстар нешеге бөлінеді? - - Екіге бөлінеді

- Қандай құстар болып бөлінеді? - - Ұй құстары және дала құстары

- Өте жақсы

- Балалар үй құстарының қандай пайдасы бар? - - Жұмыртқа береді, етін жейміз

- Ал дала құстарының қандай пайдасы бар? -- - Табиғатты қорғайды

- Өте жақсы

- Бүгінгі сабаққа өте жақсы қатыстындар. Осымен сабағымыз аяқталды.

Сөздік жұмыс: Жедел жәрдем, өрт сөндіретін көлік, су сепкіш машина, қар күрейтін машина, нан таситын машина.

Іс-әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Баланың іс-әрекеті
Мотивациялық қозғаушы кезеңі	Д/О: “Ненің дығуысы?” Сонда бұл ненің дыбыстары болды екен? Дұрыс айтасыңдар Балалар көліктердің түрлері өте көп.Көліктер жерде, әуеде, суда жүреді екен. Қане балалар бәріміз көгілдір экранға назар аударайық. Сендер теледидардан нені көрдіңдер? Мынау қандай көлік? Бейне роликке назар аударайық Сөздік жұмыс. Балалар, көліктер әр түрлі дыбыс шығарады екен.Бізде бірге айтып көрейік. Машинаның моторын қыздырғанда... Ұшақ ұшқанда... Кеме жүзгенде...	.Машина,Пойыз Ұшақ,Кеме,Полиция Полиция машинасы назар аударады Жедел жәрдем Әр түрлі дыбыстар шығару арқылы . жжжжж Ұшш Пу-пуу
Ұйымдастырушылық ізденушілік кезеңі	Машинаның алдынан шығып қалғанда қандай белгі береді? Сонда балалар, машина неге бип-бип-бип деп белгі берді? Адамдарда машина жүретін жолда жүруге болама? Д/О: “Машиналар?” Шарты: транспорттың дыбыстары арқылы табу Машинаның, пойыздың, ұшақтың, жедел жәрдем машинасы. Көліктердің Жерде, суда,әуеде Балалар теледидарға назар аударады. Көліктерді Мынау жедел жәрдем. Бұл көлікті басқа көліктер кезек күтірмей өткізіп жібереді.Жедел жәрдем машинасы екенін білдіретін қондырғысы бар, ол қатты асығып емханаға ауру адамды алып келе жатқанда қатты дыбыс	бип-бип Адамдарды басып кетпеу үшін болмайды Ойынды қызығушылықпен ойнайды назар салып тыңдайды.

	шығарады.Себебі ауру адамға жылдам көмек беру қажет. Бұл өрт сөндіруші көлік.Машинаның түсі қызыл түсті болады.Бұл көлікте бастарына жылтыраған каска киген өрт сөндірушілер отырады.Олардың ұзын басқыштары мен шарғыға оралған өр сөндіретіншлангалары бар. Себебі үй жанып кетпес үшін, өртті тез сөндіру үшін. Пойыз-ол үлкен паравоздан болады.Паравозды машинист жүргізеді, паровозға көп вагондар тіркеледі. Пойызбен адамдар басқа қалаларға барады.Пойызбен ауыр жүк тасылады. Кеме суда жүреді. Кемені капитан жүргізеді. Кемемен жолаушыларды және жүк тасылады. Кемелер берілген курспен кез келген ауа-райында жүреді. Жеке жұмыс сурет арқылы машиналарға сәйкес жүргізушілерін табады	Жедел жәрдем машина: дәрігер Кеме: капитан Өрт сөндіруші машинасы:
Рефлексиялық кезеңі	Балалар не туралы әңгімелестік? Көліктердің қандай түрлері болады? Жарайсындар балалар!	Балалар бірге қайталап тілектерін бірге қайталайды.

Күтілетін нәтиже:

Білді: Көліктердің атқаратын қызметін

Игерді: Көліктердің түрлерін

Меңгерді: Жол жүру ережесін.

№13 Вариативтік компонент

Мерзімі: 26.11.21 ж.

Білім беру салалары: «Шығармашылық»

Бөлімдері: Сурет салу

Тақырыбы: «Бағдаршам»

Мақсаты: Балалар түстерді ажыратуға үйрену.

Білімділік: Балаларға бағдаршамның суретін, түстерін ажыратып ретімен дұрыс салуға үйрету.

Дамытушылық: Балалардың шығармашылық қабілеттерін, ой-қиялын дамыту.

Тәрбиелік: Ептілікке, ұқыптылыққа, суретті көркем сала білуге тәрбиелеу.

Құрал жабдықтар: Қылқалам, сурет дәптері, бояулар, су, жұмсақ борлар.

Көрнекілігі: Бағдаршам суреті.

Сөздік жұмыс: Қызыл, жасыл, сары.

Үштілділік компонент: Бағдаршам- светофор - traffic light

Әдіс-тәсілдері: Әңгімелеу, сұрақ-жауап, түсіндіру.

Тәрбиеші балаларға бүгін біздің тобымызға қонаққа Айгүл қуыршақ келіп отырғаны туралы хабарлайды.

Балалар Айгүл қуыршақтың қонаққа келгеніне қуанып өздерімен бірге шаттық шеңберге шақырады.

Ұйымдастыру жұмыстары, ізденіс жүргізу

Балалар, шаттық шеңбер жасап, бір-бірімізге жылы лебімізді білдірейік.

-Әрқашанда әдемі болайық!

-Күніміз жарық болсын!

-Балабақшамыз жайнай берсін!

-Бәріміз дос болайық!

Балалар Айгүл қуыршаққа сендердің көмектерін қажет болып тұр екен. Ол үйіне барайын десе жолдағы бағдаршамнан өте алмай сендерге келіпті.

Сұрақ-жауап:

-Бағдаршам деген не? Білесіндер ме?

-Оның көздерінің түстері қандай түстермен боялған?

Бағдаршамның жасыл түсі жанғанда жүріп, ал сары түсі жанғанда дайындаламыз, ал қызыл түсі жанғанда адамдар да, машиналарда жолдан жүреді. Бағдаршамның жасылы жанбай жолдан байқамай өтіп кетсеңдер, ол жол ережесін бұзу деген сөз. Жолдан абайлап бағдаршамға қарап өтіңдер.

Айгүл қуыршақ сендерге осы бағдаршамның суретін салып берулерінді өтінеді. Біз Айгүл қуыршақпен ойын ойнайық.

Д/ойын: «Бағдаршам»

Мақсаты: жолдан абайлап өтуге тәрбиелеу.

Балаларды қауіпсіздік ережесімен таныстырады.

Суреттің салу жолдары.

1. Сурет салынған ақ бетте бағдаршам көздерін бояу.

2. Жасыл түсті бояу.

3. Қызыл түсті бояу.

4. Сары түсті бояу.

Салу жолдарына қарап.

Бағдаршамның суретін салу.

Сергіту сәті:

Ал балалар тұрайық.

Алақанды ұрайық.

Оңға, солға иіліп,

Бір тынығып алайық.

Үштілділік компонент:

Бағдаршам- светофор - traffic light

Балалар шаттық шеңберге тұрады. Бір-біріне жылы лебіздерін білдіреді.

Балалардың назары түрлі-түсті бағдаршамның көздеріне ауады.

Балалар бағдаршамның түстері жөнінде қойылған сұрақтарға жауап береді.

-Қызыл, сары, жасыл

Балалар қуанып салып беретіндерін айтады.

Түстерді ажыратып қызығушылықпен ойнайды.

Оқытушыны мұхият тыңдап суреттің салу жолдарына бағдаршамның суретін салады.

Балалар қимылмен сергіту сәтін жасайды.

Сөздікті қайталау.

Рефлексивті түзету

-Бізге бүгін қонаққа кім келді?

Айгүл қуыршақ бізден қандай көмек сұрай келді?

Айгүл қуыршақ балалардың салып берген бағдаршамның суретіне рахмет айтып қоштасады.

Балаларды мадақтап жұлдызша таратады.

Айгүл қуыршақ тәрбиешіге бағдаршамды көрмеге апарып қоюды ұсынады.

Балалар сұраққа жауап беріп, Айгүл қуыршақтың алып келген бағдаршамның суретін салғанын айтады.

Суретті сипаттап беру.

Мадақтауға риза болады.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: Балалар бағдаршамның не үшін қажет екенін біледі.

Түсінігі бар: Балалардың бағдаршамның түстері туралы түсіктері бар.

Орындай алады: Балалар түстерді қатар-қатарымен дұрыс орындап бояй алады.

№ 14 Вариативтік компонент

Мерзімі: 03.12.21 ж.

Білім беру саласы: «Қатынас, Шығармашылық, Әлеуметтік»

ҰОҚ: Тіл дамыту

Тобы: Ортаңғы

Тақырыбы: Киімдер туралы білейік

Құзиреттілікке жеткізетін мақсат – міндеттер:

а) ақпараттық құзиреттілік Балалардың киімдер туралы түсініктерін кеңейту, күнделікті киетін киім мен ұлттық киімді ажырата білу білімдерін жинақтау.

ә) коммуникативтік құзиреттілік Жыл мезгіліне байланысты киетін киімдерді салыстыра әңгімелету, «қандай?» деген сұраққа жауап бере білу іскерліктерін қалыптастыру.

б) проблема шешу құзиреттілігі Тәрбиешінің сұрағын түсініп, оған дұрыс жауап беруге, ұлттық киімдерді тануға, сөздерге антоним сөздерді табуға, Дидактикалық ойын: «Қай мезгілде киеміз?» ойынын ойнауға, киімдер туралы жұмбақ шешуге қатыстыру.

Ұйымдастырылған оқу іс - әрекетінің түрі Кешенді

Әдіс – тәсілдер: АКТ, ойын; ой қозғау, түсіндіру, әңгімелесу, жұмбақ жасыру; слайд көрсету

Мотивация – қозғаушы Жұмбақ жасыру:

Адамның сәні,

Онсыз жоқ мәні.

Жарайсыңдар балалар, жұмбақтың шешуін дұрыс таптыңдар. Бүгін біз киімдер туралы айтатын боламыз. Балалар тәрбиешінің қойған жұмбағының шешуін табады.

- Киім

- Одежда

Іздену – ұйымдастырушы

Балалар қазір жылдың қай мезгілі?

Қыс мезгілінің ерекшеліктерін айтып беріндерші

Дұрыс айтасыңдар, балалар! Балалар қыс мезгілі суық болады, сол себепті сендерге салқын тиіп ауырып қалуларың мүмкін.

Аурып қалмау үшін қандай киім кию керек?

Балалар киімдер қалай бөлінеді?

- Дұрыс айтасыңдар!

- Балалар бізге Мерует атты қуыршақ қонаққа келіпті.

Меруеттің киімі қандай?

- Аттарын атайықшы?

- Дұрыс айтасыңдар, балалар!

- Меруеттің камзолының түсі қандай?

- Балалар сендер ұлттық киімдермен таныстыңдар, енді күнделікті киетін киімдермен танысамыз.

- Күнделікті киетін киімдерге қандай киімдер жатады?

- Қысқы киімдерді атайықшы

1. Дидактикалық ойын: «Қай мезгілде киеміз?»

Шарты: Жыл мезгілдеріне қарай киетін киімдер бейнеленген суреттер бойынша қай мезгілде не киетінін айтады.

- Өздерінің белгілі мезгілге киіп келген киімдері туралы әңгімелету.

2. Балалар мына сөздерге антоним сөздерді табайық:

- Қалың

- Салқын

Жарайсыңдар, балалар!

3. «Менің не істегенімді табыңдар» ойыны

Тәрбиеші киіну, шешінуді көрсететін қимыл – қозғалыстарын көрсетеді. Балалар не істегенін тауып істегенін тауып айтады.

4. Киді, шешінді сөздеріне сөйлем құрастырады.

Сергіт у сәті.

(Қимыл қозғалыспен көрсету)

Ағайынды бес туыс(бес саусақты ашып көрсетеді)
Жамылатын тоны бар (саусақты жұму)
Бесеуінде бес қуыс(әр саусақты көрсетеді)
Сырттан кірер жолы бар
Бұл не?

4.Киді, шешінді сөздеріне сөйлем құрастырады.
Сергіт у сәті.

(Қимыл қозғалыспен көрсету)
Ағайынды бес туыс(бес саусақты ашып көрсетеді)
Жамылатын тоны бар (саусақты жұму)
айтады.

4.Киді, шешті сөздеріне сөйлем құрастырады.
Сергіт у сәті.

(Қимыл қозғалыспен көрсету)
Ағайынды бес туыс(бес саусақты ашып көрсетеді)
Жамылатын тоны бар (саусақты жұму)
Бесеуінде бес қуыс(әр саусақты көрсетеді)
Сырттан кірер жолы бар
Бұл не?

Бесеуінде бес қуыс(әр саусақты көрсетеді)
Сырттан кірер жолы бар
Бұл не?

5.Сергіп алсақ мен құйған жұмбақтардың шешуін табыңдар

1. Маңдайы бар, тілі жоқ,

Құлағы бар үні жоқ

2. Ерте тұрдым,

Екі айыр жолға түстім

3. Қос қолға киемін,

Жып –жылы боп жүремін

Жарайсыңдар балалар,жұмбақтың шешуін дұрыс таптыңдар.

6.Дидактикалық ойын: «Бірдей қолғаптарды сызық арқылы қос»

-Қыс мезгілі

-Қар жауады, аяз болады, күн салқын болады.

- Қалың киім киу керек.

- күнделікті киетін киімдер –және ұлттық киімдер.
амандасады)

Сәлеметсіз бе! (балалр қуыршақпен

-Меруеттің үстіндегі киімі ұлттық киім

-мынау ұзын көйлек.

-камзол

-үкілі тақия

-қызыл

-красный

- Шалбар

-көйлек

-жейде

-Тон

-Қолғап

-етік

-Құлақшын

Балалар дидактикалық ойын ойнайды. Өздерінің киіп келген киімдері туралы әңгімелейді.

-жұқа

-жылы

-Самат қалың пальтосын киді

-Айнұр қолғабын шешті

Балалар сергіту сәтін жасайды және шешуін табады

-Қолға

-Құлақшын

-Шалбар

-Қолғап

-Самат қалың пальтосын киді

-Айнұр қоғабын шешті

Рефлексивті коррекциялаушы

Балалар бүгінгі оқу іс –әрекетімізді қортындылай келе сендерге баланың қысқы киім киіп тұрған бейнесінің суреттегі үлгісін беремін. Сол үлгі бойынша сурет саламыз.

Салынған суреттерден көрме жасап, балаларды бағалайды. Балалар үлгі суреттер бойынша суреттер салады.

Күтілетін нәтиже:

Баланың білуі: Киімдер туралы түсініктерін кеңейді, күнделікті киетін киім мен ұлттық киімді ажырата білді.

Баланың меңгеруі: Жыл мезгіліне байланысты киетін киімдерді салыстыра әңгімелету, «қандай?» деген сұраққа бере білу іскерліктерін меңгерді.

Баланың жасай алуы: Тәрбиешінің сұрағын түсініп, оған дұрыс жауап беруге, ұлттық киімдерді тануға, сөздерге антоним сөздерді табуға, Дидактикалық ойын: «Қай мезгілде киеміз?» ойынын ойнауға, киімдер туралы жұмбақ шешуге қатыстыру.

№15 Вариативтік компонент

Мерзімі: 10.12.21ж.

Білім беру саласы: Әлеумет

Бөлімі: Қоршаған ортамен таныстыру

Тақырыбы: Табиғатқа қамқор боламыз

Мақсаты: Балаларды табиғат, тіршілік, қоршаған орта арасында байланыс жайлы түсініктерін қалыптастыру, балаларға өлі және тірі табиғат жөнінде мағлұмат беру, табиғатқа сүйіспеншілікпен қарауға, қадірлей білу және қамқорлық жасай білуге үйрету. Балалардың ойлау қабілеттерін дамыту.

Қажетті құрал-жабдықтар: Саяхат, әңгіме, түсіндіру, көрсету, сұрақ-жауап

Тәрбиешінің іс-әрекеті: Сәлеметсіңдер ме балалар! Мен сендерді көргеніме өте қуаныштымын, ендеше бір-бірімізге деген жылы лебіздерімізді білдіріп таңғы шаттық шеңберін жасайық.

Арайлап таң атты,

Алтын сәуле таратты.

Жарқырайды бақшамыз,

Қайырлы таң достарым!

Қайырлы таң бақшамыз.

Балалардың іс-әрекеті

Сәлеметсіз бе, Біз де қуаныштымыз.

Арайлап таң атты,

Алтын сәуле таратты.

Жарқырайды бақшамыз,

Қайырлы таң достарым!

Қайырлы таң бақшамыз.

Тәрбиешінің іс-әрекеті:

Жыл мезгілін, ерекшеліктерін сұрау.

Балалар, сендер отырмас бұрын мен сендерге жұмбақ жасырамын, мұқият тыңдаңдар.

Бір жерінде ыстық,

Бір жерінде суық.

Бір жерінде күн,

Бір жерінде түн.

Керемет алып неткен,

Иә, дұрыс айтасыңдар, міне мынау жер шары, пішіні қандай?

Балалар, бір қазір сіздермен «Жер шары» ойынын ойнаймыз.

Ойын шарты бойынша мен қолдағы допты бір балаға лақтырып, «жер шары» деп айтамын. Қағып алған бала жер шарында кімдер, нелер, мекендейтінін шапшаң айтып, допты кері

лақтырады. Мысалы, тәрбиеші: «Жер шары» десе бала «адам» деп жылдам жауап беруі

тиіс. Жарайсыңдар балалар. Адам, құстар, жануарлар, жәндіктер, аңдар, ағаштар, гүлдер, таулар. Бұның барлығын бір сөзбен не деп айтамыз?

Дұрыс айтасыңдар, біз бүгін осы табиғат ұғымымен тереңірек танысамыз.

Ғажайып сәт: Экранның хатты оқу

Табиғат аясындағы ақ қайың ағашынан келіп тұр екен.

Хат

Сәлеметсіз бе, құрметті балалар! Мен ақ қайыңмын. Мен сендерге жазда жандарыңда болатын едім. Қазіргі кезде менің халім нашарлап бара жатыр, маған адамдар көңіл бөліп қарамайды. Мен сендерден сұрайтыным, маған көмек беріңдерші. Сәлеммен ақ қайың.

Балалар сендер, мейірімді де ақылды, сүйкімді балаларсыңдар, ақ қайыңға көмектесеміз бе?

Ендеше табиғат аясына саяхатқа шығып, ақ қайыңға көмектесейік.

Табиғат аясында жүргенде ережелерді айтып жүру. Табиғат ананы ластамай, тазалықты сақтай білуіміз керек.

Тағы қандай ережелерді білесіңдер?

Тыныштық сәті: табиғат құбылыстарының дыбысын тыңдау.

Тәрбиеші: Балалар не естідіңдер?

Ненің дыбысы деп ойлайсыңдар?

Баланың іс-әрекеті: Желдің үрлегенін, жаңбырдың жауғанын, құстардың, жан-жануарлардың дыбысын естідік.

Тәрбиешінің іс-әрекеті: Осы құбылыстардың барлығы табиғат құбылыстарына жатады. Табиғат-бізді қоршаған орта, туған елім, ауа, күн мен жер және су, орман мен жануарлар.

Табиғат екіге бөлінеді. Ол тірі табиғат және өлі табиғат.

Тірі табиғат: Ағаш, гүл, ормандар, аңдар, құстар. Олар дем алады, өседі, көбейеді.

Өлі табиғат: су, тау, тас, құм ауа. Олар көбеймейді, өспейді, денелерінде жан жоқ.

Бірақ осы тірі табиғат пен өлі табиғат бір-бірімен тығыз байланысты екен. Оны біз саяхат барысында бақылап көреміз. Жерде аңдардың іздері жатады.

Балалар бұл осы тірі табиғаттың бірі – аңдардың іздері. Қараңдаршы, табиғат аясында неше түрлі аңдар жүреді екен. Интерактивтік тақтадан жердегі аңдардың ізінің қай аңдікі екені түсіндіріп көрсету.

-Балалар, қараңдаршы экранда сылдырап ағып жатқан не екен?

Судың пайдасы бар ма?

Су өлі табиғатқа жатады, ал біз адамдар суды ішеміз, бізге пайдасы өте көп екен. Демек өлі табиғат пен тірі табиғат бір-бірімен тығыз байланысты екен.

Балалар біраз жол жүруіміз керек. Мен сендерге тағы бір жұмбақ жасырамын тыңдаңдар.

Жұмбақ

Бар ма, жоқ па, оны білмейсің,

Ол жоқ жерде өмір сүріп жүрмейсің? Ол не? (Ауа)

-Ауа не үшін керек?

-Дем алу үшін.

-Ауаның түсі қандай?

-Ауаның түсі жоқ, көрінбейді.

-Қолмен ұстауға болама?

-Жоқ ұстай алмаймыз.

Табиғат аясында ағаштар, әсем гүлдер ауадағы шанды жұтып, бізге таза ауа жіберіп отырады екен.

Демек өсімдіктерге қамқор болуымыз керек

-Балалар айналаға қараңдаршы, біз ауаны көреміз бе?

-Жоқ.

1-тәжірибе: Әр баланың қолына айна беріледі. Балалар үрлеп, ауаның бар екеніне көз жеткізеді.

2-тәжірибе: Балалар енді мұрнымызды, қолымыз бен аузымызды ашпай көрейік.

Көрдiңдер ме, балалар, ауасыз тыныс алу мүмкін емес екен. Ендеше балалар осы табиғат аясында бойымызды сергітіп, бір тынығып алайық.

Сергіту сәті:

Қане, қанат жазайық,

Қарлығашқа ұқсайық.

Ұшып-ұшып алайық,

Орнымызға қонайық.

Білімді бала болайық.

Осы сәтте ақ қайыңды бір бала көріп қалады.

-Апай, әне бізге хат жіберген ақ қайың мұнда тұр.

Саламатсыз ба ақ қайын!

Біз сіздің жіберген хатыңызды алып, сізге көмек берейін деп келдік.

Ақ қайың: Амансыңдар ма бүлдіршіндерім. Менің бұтақтарымды қатты жел соғып сындырып, тамырымды кептіріп кетті. Маған су құйып, бұтақтарыма көмектесіп жіберсеңіздер, жақсы болар еді.

Балалардың іс-әрекеті: ақ қайыңға су құйып, түбін қопсытып көмектеседі.

Ақ қайың рахмет айтады.

Ақ қайың, біздің балаларымыз табиғатты құрметтейді. Олар табиғат жайлы тақпақтар да біледі.

Тақпақтар:

Мерей

Бұтақтарды сындырмай,

Тазалықты сақтаймыз.

Гүл өсіріп су құйып,

Табиғатты қорғаймыз.

Ерасыл

Бақта гүлдер тереміз,

Бірге ойнаймыз күлеміз.

Міне біздер, қандаймыз,

Табиғатты қорғаймыз.

—Міне, балалар, біз табиғат аясындағы ақ қайыңға көмектестік. Ендеше саяхатымызды аяқтап балабақшаға оралайық.

Балабақшаға оралу.

-Балалар, сендерге саяхат ұнады ма?

-Иә

-Балалар бізге хат жолдаған не еді?

-Ақ қайың

-Табиғат нешеге бөлінеді?

-Екіге бөлінеді

Ендеше бүгінгі саяхаттан алған білімдеріңізді байқау үшін қазір «Таңдап ал да атын ата» ойынын ойнауға шақырамын.

Ол үшін ғажайып дорбаның ішінен өлі және тірі табиғат бейнелерін таңдап алып, алған заттарының атын атап, оларды тиісті фланеграфқа апарып орналастырасыздар.

Балалар, біз табиғат туралы айттық. Сендер барлығың да бүгінгі оқу іс-әрекетіне жақсы қатыстыңдар.

Марапаттау

Күтілетін нәтиже:

Біледі: Өлі және тірі табиғатты ажыратады

Игереді: Табиғатты аялауға, қамқорлықпен қарауға

Меңгереді: тақырып бойынша сұрақтарға жауап бере алу дағдыларын меңгереді.

№16 Вативтік компонент

Мерзімі: 24.12.21ж.

ҰОҚ тақырыбы: «Саңырауқұлақтар әлемі»

Білім беру саласы: Шығармашылық

Білім беру бөлімі: Мүсіндеу

Мақсаты: Балаларға саңырауқұлақ туралы түсіндіре отырып, ермексазбен саңырауқұлақты мүсіндеуге үйрету. Саусақ қимылдарын, сөздік қорларын арттыру. Мүсіндеу сабағына деген қызығушылықтарын арттыру.

Әдісі: Түсіндіру. Сұрақ - жауап. Ойын. Мадақтау.

Көрнекілігі: Ермексаздар, тақтайшалар, тақырыптық жылжымалы папка, саңырауқұлақтың макеті.

Тәрбиешінің іс – әрекеті Таңғы жиын

- Қайырлы таң балалар, Бүгін күн қандай керемет, Қане барлығымыз бір - бірімізге көтеріңкі көңіл күй сыйлайық.

Біз қандаймыз қандаймыз,

Шұғылалы таңдаймыз.

Күлімдеген күндейміз,

Жабырқауды білмейміз.

- Жарайсыңдар балалар. Осындай керемет күні өтетін біздің бүгінгі ұйымдастырылған оқу іс - әрекетіміздің тақырыбы: «Саңырауқұлақтар әлемі» деп аталады. Яғни бүгін біз саңырауқұлақтар туралы кеңірек мағлұмат алатын

Суретпен жұмыс.

- Балалар, мына суретке назар аударайықшы. Не көріп отырсыңдар?

- Кірпі қайда жүреді?

- Ол не істеп жүр екен?

- Ол нені көрді?

- Балалар, бұл саңырауқұлақ.

Саңырауқұлақ - ылғалды жерде өсетін қалпақ тәрізді қалқаны бар, гүлдемейтін өсімдік.

Жаңа тақырыпты көрнекіліктерді пайдалана отырып, түсіндіремін.

Сергіту сәті.

Саңырауқұлақ, саңырауқұлақ,

Басында қалпағы бар.

Ормандағы жәндіктерге,

Жауын жауса пана болар.

Өнер орталығы

Балалардан саңырауқұлақты сипаттап, бөлшектерін атауды сұраймын.

Мүсіндеу әдісін түсіндіремін. Балаларға өздерінің саңырауқұлақ алаңын жасауды ұсынамын.

Дидактикалық ойын «Тез құрастыр»

Балаларға 2 бөлікке бөлінген саңырауқұлақты тез әрі дұрыс құрастыруды ұсынамын

Саңырауқұлақтың қалпағын және сабағын өз орнына қойып, саңырауқұлақты құрастырады.

Мадақтау, тамашалау.

Күтілетін нәтиже:

Жаңғырту: Ұжымдық мүсіндеуге қызығушылығын арттыру.

Түсінуші: Саңырауқұлақ туралы түсінік алды.

Қолдануы: Саңырауқұлақты екі бөлікке бөліп мүсіндей білу.

№17 Вариативтік компонент

Мерзімі: 31.12.21ж.

Білім беру саласы: «Таным», «Шығармашылық»

Бөлімі: «Қоршаған ортамен танысу», «Сурет»

Тақырыбы: «Қыс неге суық болады?»

Мақсаты: Балалардың қыс мезгілі туралы түсінігін кеңейту. Қыс мезгілінің сұлулығын тамашалай білуге, табиғаттың ерекшелігін сезіне білуге, қоршаған ортамен танысу арқылы баланың ой - өрісін дамыту. Жапалақтап жауып тұрған қар ұлпаларының суретін түтікше арқылы үрлей отырып, бейнелеуге үйрету.

Көрнекілігі: Интерактивті тақта, слайд.

Тәрбиешінің іс - әрекеті: Шаттық шеңбер:

Арайлап таң атты,

Алтын сәуле таратты

Жарқырайды күніміз

Жарқырайды даламыз

Қайырлы таң достарым

Қайырлы таң қонақтар

Тәрбиеші: Балалар мен сендерге жұмбақ жасырайын, шешуін таба аласыңдар ма?

Балалар: Әрине.

Тәрбиеші: Аяз қысып,

Өрнек сызып,

Терезені торлайды

Қар омбығып,

Бет домбығып, балдырғандар ойнайды.

Бүлдіршіндерім, айтыңдаршы, бұл қай кезде болады?

Балалар: Қыс мезгілінде.

Тәрбиеші: Дұрыс айтасыңдар. Балалар, қазір жылдың қандай мезгілі?

Балалар: Қыс мезгілі.

Тәрбиеші: Балалар, қыс мезгілінде ауа - райында қандай өзгерістер болады?

Балалар: Қар жауады, суық балады, боран соғады, аяз болады.

Тәрбиеші: Қыс мезгілінде адамдар қалай киінеді?

Балалар: Адамдар жылы киінеді.

Тәрбиеші: Қыста қандай ойындар ойнаймыз?

Балалар: Қардан аққала соғамыз, сырғанақ жасаймыз, шана, шаңғы тебеміз.

Тосын сәт: Топқа Маша мен Аю қонаққа келеді.

Маша мен Аю: Сәлеметсіңдер ме, балалар?

Балалар: Сәлеметсіздер ме?

Маша: Балалар менде неше түрлі пішіндер бар, сол пішіндерден аққала жасауға көмектесесіңдер ме?

Балалар: Көмектесеміз.

Балалар Машамен бірге пішіндерден аққала жасайды.

Маша: Жарайсыңдар, балалар. Енді менің сурет салғым келіп тұр.

Тәрбиеші: Олай болса сендер Аю екеуің балалармен бірге сурет салуға көмектесіңдер.

Балалар қорапшадағы бейнелі суреттерді таңдау арқылы екі топқа бөлінеді.

1 - топ: «Аққала» тобы.

2 - топ: «Ұлпа» тобы.

1 - топ: «Аққала» тобы жарық шамы түсірілген әйнекке қыс қызығын манка жармасынан, ас тұздан, құмнан саусақ қимылдары арқылы сурет салады.

2 - топ: «Ұлпа» тобы көк түсті қағазды алып, ақ түсті гуашь бояуына қылқаламды батырып, көк түсті қағазға тамызып, бояуды түтікшемен үрлеп, қар ұлпасының суретін бейнелейді.

Сергіту сәті:

Саусақтарым тұрыңдар,

Сапты бірге құрыңдар,

Желмен бірге майысып,

Онға, солға бұрындар.

Маша мен Аю: Балалар, сендерге көп рахмет. Өте қызықты болды бүгінгі іс - әрекеттерің. Енді қайтайық, қош сау болыңдар.

Тәрбиеші:

Жүректен жүрекке,

Қол ұстасып тұрайық,

Достық әнге салайық,

Сау - саламат болайық.

Күтілетін нәтиже:

Не алды? Қыс қызығын тамашалады.

Не білді? Қыс мезгілі туралы мағлұмат алды.

Не істей алды? Балалар түтікшемен қардың және құм, жарма, ас тұзын пайдалана отырып жарық түсірілген әйнекке саусақ қимылдары арқылы сурет салды.

№ 18 Вариативтік компонент

Мерзімі: 14.01.22ж.

Тақырыбы: «Құстардың қысқы тіршілігі!»

Мақсаты: Құстардың қысқы тіршілігі және қыстайтын құстар туралы түсінік беру. Балалардың логикалы ойлауын, тілін, сөздік қорын, есте сақтау қабілетін дамыту. Құстарды қорғауға, ұясын бұзбауға тәрбиелеу.

Көрнекілігі: Интерактивті тақта.

Барысы: Ұйымдастыру кезеңі.

Алақанды ашайық,
Күннің нұрын салайық.
Таза ауадан салайық,
Жүрек жылуын салайық
Мейірім шоғын салайық.
Жиналған осы шуақты,
Достарыма шашайық.

Тәрбиеші:

Шанамен сырғып желетін
Шаңғы коньки тебетін.
Аққала жасап ойнайтын,
Қай мезгіл деп ойлайсың?
Балалар: Қыс мезгілі.

Тәрбиеші: - Қыс мезгілінің ерекшеліктері қандай?

- Қыс мезгілінің айларын кім атап бере алады?

- Қазір қай ай?

- Қыс мезгілінде қандай ойын түрлерін білесіңдер?

- Қыс туралы қандай тақпақтар білесіңдер?

Сурет бойынша әңгіме құрау.

Тәрбиеші: Өте жақсы балалар, енді «Жаксы, жаман» деген ойын ойнайық.

Мақсаты: Жаман әдеттерден аулақ болуға, жақсы-жаманды ажыратып, қоршаған ортаға қамқор болуға тәрбиелеу.

Қойылған сұрақтарға балалар дауыстап «жақсы», «жаман» деп жауап береді.

Тәрбиеші: Ағаштың бұтағын сындыру жақсы ма?

- Гүлдерге су құю жаман ба?

- Достарыңды ренжіткен жақсы ма?

- Үлкенге көмектесу жақсы ма?

- Құстарға ұя жасау жаман ба?

Тәрбиеші: Міне тамаша, балалар, ненің жақсы, ненің жаман екенін дұрыс айттыңдар. Бүгінгі сабағымызда құстардың қысқы тіршілігі туралы әңгімелесеміз.

Құстар екі топқа бөлінеді: жабайы құстар және үй құстары.

Жабайы құстар: сауысқан, жапалақ, қарлығаш, қызғыш құс, сарғалдақ, қарға, аққу,

бұлбұл, дегелек, қоқиқаз, қырғауыл, тоқылдақ т.б.

Үй құстары: тауық, үйрек, қаз, күркетауық.

Құстардың табиғатқа келтіретін пайдасы көп. Олар өсімдіктерді, ағаштарды зиянды жәндіктерден, құрттардан тазартады.

- Үй құстарының қандай пайдасы бар?

- Дұрыс айтасыңдар үй құстарының пайдасы өте көп. Олардың етін жейміз, жүнінен көрпе, көпшік жасалады.

Қыс мезгілінде көп құстар жылы жаққа ұшып кетеді. Ал кейбір құстар қыстап қалады.

- Қыстайтын қандай құстарды білеміз?

- Сауысқан, торғай, көгершін, қарға.

- Дұрыс айтасыңдар, бұлар суықтан қорықпайды, қыста өз қоректерін тауып жейді. Оларға жем шашып, ұя жасап қамқор жасау керек. Біздің мектебіміздің ауласында да құстарға ұя жасап қойған.

Ойын: «Құстар қалай дыбыстайды?»

Сергіту сәті:

1, 2, 3, 4 қарлығаш боп ұш,

5, 6, 7 қарлығаш боп шалқы,

8, 9, 10 қарлығаш боп қон.

Ойын: «Не артық?»

Жұмбақ: Көлдің көркі сән екен

Ұшқанда сазды ән екен

Ақындар оны мақтаған,

Адамдар қорғап сақтаған

Ол қандай құс балалар? (Аққу)

Ауыл да, қала да мекені

Жолаушы жүрсек шығарып салады,

Алдыңнан шығады

Жаныңды еркелетеді. (Қарлығаш)

Ребус: Тау – ық.

Қорытынды: Балалар, біз бүгін не туралы әңгімелестік?

Сабақ ұнады ма?

Балаларды мадақтау, бағалау.

№ 19 Вариативтік компонент

Мерзімі: 14.01.22ж.

Ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы

Білім беру саласы: «Қатынас» «Шықармашылық» «Әлеуметтік орта»

Бөлімі: Көркем әдебиет, Сурет салу.

Тақырыбы : «Қысқы ойындар»

Мақсаты: Балаларға қысқы табиғат туралы түсінік беру, сурет мазмұнына сай балаларды әңгіме құрап айтуға үйрету. Қыстың негізгі белгілерін сұрау. Қыс мезгілінде болатын табиғат құбылыстарын, қысқы ойын түрлерін еске түсіріп, сөздік қорын дамыту. Қысқы ойын туралы білімдерін жетілдіру. Шығармашылық ой-қиялын дамыта отырып үйрету және ұқыптылықа тәрбиелеу.

Қолданылатын көрнекіліктер : Қыс көрінісі, мазмұнды суреттер. Гуаш

Іс-әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық – қозғаушылық	-Саламатсыңдарма ! Балалар, маған қараңдаршы менің қолымдағы не ? Жұмбақ : Мамықтай ұлпа. Қантай ақ . Қыста жердің бетін басады Жазда сайға қашады . Дұрыс шештіңдер . -қардың түсі қандай ? Балалар, қардың түсін қандай затпен салыстыруға болады? -қар қатты ма, әлде жұмсақ па? -балалар бүгінгі көңіл – күйлерің осы қардай аппақ болсын . Жылы сөздер айтып едік қолымыздың жылуынан қарда еріп кетті .	Балалар амандасады Бәрі қарайды. Қар Ақ Балалардың жауабы Бір-бірінің қолынан ұстап жылы лебіз айтады.
Ұйымдастырушылық ізденушілік	Балалар терезеге қарайықшы, далада қандай мезгіл? Қыста ауа –райы қандай болады? Қыс айларын атау? Қыс мезгілінде қандай ойындар бар? Балалардың суретпен әңгіме құрауына көмек береді Балалар тақпақ айтамыз ба? 1. Аяз қысып, Өрнек сызып, Терезенді торлайды . 2. Аппақ - аппақ жапалақтап Қар жауады, тынбастан Қалың орман, маужыраған . Түнгі аспан Кәнеки қос тілде айтып көрейікші : Қыс – Зима - Winter . Қар – Снег- Snow Аққала – Снеговик -Snowman .	Қыс мезгілі Суық, аяз, боран, қар жауады. Желтоқсан, қаңтар, ақпан. Шанамен ойнаймыз Балалар тақпақ айтады. Қайталау

	Шана –Санка -Sled Тосын Сәт: Балалар бір дыбыс естіледі бізге біреу келе жатқан сияқты . Топқа Ақшақар кіріп келеді. Балаларға қонаққа Ақшақар келді . Сәлеметсіңдер ме , балалар ? Мен сендерге қонаққа келдім. Жай келген жоқпын сендерге жұмбақ алып келдім . Сендер жұмбағымды тауып көресіңдерме ? Жұмбақ 1.Қыста ғана болады Ұстасаң қолың тоңады . 2.Қысы – жазы бір түсте . 3Қолы мен қаламы жоқ , Бірақ сурет салады көп . Сендер тапқыр балдар екенсіңдер . Өте жақсы . Ал балалар ойын ойнағыларың келеме .? Қимылды ойын : «Қатырмақ». Шарты : Балаларға қолдарына сиқырлы таяқ тигенде бала қатып қалады . Ал балалар енді біз қысқы қар бейнесін, көк қағаз бетіне бейнелейік . Сергіту сәті: Қар жауыпты далаға Қар жауып тұр қала да, Сырғанаймыз енді біз, Отырып алып шанаға.	Балалар Ақшақарды көріп таңқалады Сәлеметсізбе! Балалар жауап береді. Қар Шырша Аяз Ия . Қызыға ойнайды. Жұмысқа жұмыла кіріседі. Балалардың қызығушылығы оянады
Рефлексивті-реттеушілік	Балалар біз не туралы сөйлестік? Қыс туралы не білдік? Қысқы ойындар туралы не білдік? Балаларды бағалау , мадақтау	Балалар өз жұмыстарын тамашалады

Күтілетін нәтиже:

Ұғынады: Қыс мезгілін де болатын өзгерістер жайлы;

Түсінеді: Қыс мезгілі туралы әңгіме құрау.

Қолданады : Дәстүрден тыс әдіс – тәсілді қолданды .

№20 Вариативтік компонент

21.01.22ж.

Тақырыбы: Күміс қар

ҰОҚ мақсаты: Сурет бойынша әңгіме құрауға үйрету. Қыс мезгілінің ерекшеліктерін айта білуге дағдыландыру. Сөздік қорларын молайту. Көтеріңкі көңіл-күй сыйлау. Өз семіздерін қағаз бетіне бере білуге тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс: қар, аяз, қыс, ақшақар, ақ қоян, сұр қоян, көжек.

Көрнекіліктер: қыс мезгілі туралы суреттер, бейнетаспа, ұнтаспа, көк парак, қылқалам, ақ бояу, сүрткіш.

Шаттық шеңбері:

Қыс келді, қыс иықтап,

Қалды аюлар ұйықтап.

Қыс келді, қыс мұз, қарлы,

Қыраулы да ызғарлы.

Қыс келді, қыс боранды.

Қырат көрпе оранды.

Әңгімелесу. Қыста күн суық, ызғарлы, аязды болады. Қар жауады. Қардан балалар әдемі аққала соғып, сырғанақ жасайды. Қар атысып, ойнайды. Аязды күнде біздің тереземізге аяз оюлар салады, оны «қырау» дейді. Үйдің шатыры, ағаштың басы, жердің барлығы аппақ қарға енеді. Қар суық, оны қолғапсыз ұстауға болмайды. Қыста адамдар жылы киініп жүреді, өйткені күн суық.

Тәрбиеші: Бізге қонаққа көжек келді. Ол бізге орманнан түлкіден қашып келіпті. Оның түсі жазда сұр болса, қыста ақ түске өзгереді. Сөйтіп түлкіден жасырына алады екен.

Тіл ұстарту жаттығуы:

Ян, ян, ян, секіреді қоян.

Қарға, қарға, қарғалар

Қар үстінде жорғалар.

Қыс тақырыбына байланысты сұрақ – жауаптар.

-Қыс мезгілі несімен қызықты?

-Қыста біз қардан не жасаймыз?

-Қыста күн қандай болады? Не жауады?

-Қолымызға не киеміз?

Жұмбақ.

Қыста ғана болады,

Ұстасаң қолың тонады. (Қар)

Сергіту сәті:

Аппақ қылып өңірде, (алақандарын ашу)

Қар жауды, қар жауды! (қолдарын сермеу)

Көңілді балалар (қолдарын шапалақтайды)

Қызығып секірді, секірді. (орындарынан тұрып секіру)

Дидактикалық ойын. «Қар жинау»

Қар туралы бейнетаспа көрсету. Ал, енді балалар бәріміз осы ұлпа қардың суретін көк парактың бетіне ақ бояумен таза ұқыпты жұмыс жасайық. Сурет салып жатқанда жәй дауыста ұнтаспа қойылады.

1. Балалар қылқаламды ауада жүргізеді.

2. Қағаз бетіне жұмыс жасайды.

Балалар алғашқы жауып тұрған қарды салады.

Балалардың жұмысын бағалау. Мадақтау. Жұмыстарын тақтаға ілу.

Күтілетін нәтиже:

Білуі: қыс мезгілінің ерекшеліктері.

Білді: қардың жұмсақ, ақ ұлпа екендігін.

Жасай алуы: Қардың суретін салды.

№21 Вариативтік компонент

Мерзімі: 28.01.22ж.

Ортаңғы топта ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы

Білім беру саласы: «Шығармашылық»

Тақырыбы: «Ән айтып, би билейміз!»

Максаты: балалардың ән туралы түсініктерін қалыптастыру; әнді мұқият тыңдай отырып, сипатын ажырата алу, бірге ән салу, ән ырғағын дәл сақтап орындау дағдыларын жетілдіру; әнге деген қызығушылықтарын ояту; музыкалық есту, есте сақтау қабілеттерін дамыту.

Әдіс - тәсілдер: салыстыру, сәйкестендіру, «ой қозғау», миға шабуыл, топтық жұмыс, дидактикалық ойын.

Көрнекілігі: ойынға арналған үйлер және суретті алмалар (слайд), «Әнші төлдер» макеті, «Көңілді шарлар».

Педагогтің іс - әрекеті

I. Бастапқы жүріс

«Балдырғандар маршы»

Марш екпінді әуен ойнап, балаларды қабылдайды. Әндете сәлемдеседі.

Біз - көңілді баламыз,

Өнер құған дарамыз.

Әнге салып әдемі

Би де билеп аламыз.

II. Музыкалық - ырғақты қимылдар

«Келші, құрбым билейік»

Ән сөздеріне және ырғағына сәйкестендіре, жұптаса би қимылдарын орындауға шақырады.

Балалармен бірге ән салып, би қимылдарын дұрыс орындауларына ықпал етеді.

III. Музыка тыңдау

Ой қозғау. Балаларға әнге қатысты бірнеше сұрақтар қояды. Әуен мен сөздің үйлесуімен ән пайда болатыны жөніндегі түсініктерін пысықтайды. Ән, әуен сөздерінің орыс тіліндегі аудармасын қайталап, үйретеді.

Бір баладан өзі білетін әннің әуенін ля - ля буыны арқылы орындауды, екінші баладан сөзін тақпақтап айтуды ұсынады.

Балалардың назарын « ақылды тақтаға» аударады.

«Бұл үйдегілер не істеуде?» муз. дид. ойынын ойнауға шақырады.

1.«Елімізді сүйеміз» (марш)

Ж. Қалжанова

2. «Күзге сәлем!» (вальс)

А. Еспенбетова

3.«Әлди»халық әні

(бесік жыры)

Ойын шарты бойынша әртүрлі сипаттағы әуендерді ойнап, «үйдегілердің» қандай іс - әрекет үстінде екенін табуды сұрайды.

Жауаптары дұрыс болған жағдайда көңілді әуен ойналатынын айтады.

IV. Дауыс жаттығулары

Жаттығуларды бірүнділікпен, әуенін дұрыс айтуларына мән береді.

«Музыкалық баспалдақ» арқылы жаттығу жасатады.

V. Ән салу

1. «Елімнің ертеңгі иесі біз!»

әні: А. Еспенбетова. Өткен әнді естеріне түсіреді. Әннің атын, сазгерін атауды сұрайды.

Әнді хор мінбесіне барып ұнтаспаға қосылып, шумағын - жеке дауыста, қайырмасын - хормен орындауды ұсынады. Әнге дирижерлық қызмет көрсетеді. Әнді бірге бастап, бірге аяқтауларын

қадағалайды.

2. «Әніміз бар тамаша!»

Ән үйренуді жалғастырады. «Ақылды тақтадағы» әннің ырғақтық суретін көрсететін үлкен, кіші алмаларға қарап, әннің ырғағын дәл сақтап, алақан соғып жаттықтырады.

Тамаша әнімізге қосылуға «әнші төлдер» келгендігін айтады.

Балаларға төлдермен бірге ән ырғағын дұрыс сақтап, ән салуға шақырады.

Әннің I қатарын - ботақандар тобы, II қатарын - бұзаукандар тобы, III қатарын - лақтар тобы,

IV қатарын - құлыншақтар тобы, ал, қайырмасын барлық топ қосылып орындауға

үйретеді.

VI. Ойын ойнау

«Ән салған кім?» муз. дид. ойын.

Ойын алаңына «көңілді шарларды» алып баруларын сұрайды. Ойын шартын түсіндіреді. Санамақ арқылы ойын бастаушысын сайлайды.

Достығымыз жараса,

Асыр салып таласа

Ойынды тез бастайық,

Шартын қатаң сақтайық

1 - 2 - 3. Ойын баста, үш!

Әннің I шумағын орындау кезінде «шарларды» артқа тығып,

шеңбер бойымен жай баса жүріп, әндетуді, қайырмасында – «көңілді шарларды» іске қосып, ырғағын соғуды ұсынады.

№23 Вариативтік компонент

Мерзімі: 04.02.22ж.

Ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы

Білім беру саласы: «Таным»

Бөлім: Жаратылыстану

Тақырыбы: Алтын балық қайда тұрады?

Мақсаты: Қоршаған ортамен таныстыра отырып, балықтар туралы түсінік беру. Ертегіні тыңдау арқылы балаларға балықтардың тіршілігі жайлы түсінік беру. Қайырымды болуға үйрету, балықтарға күтім жасауға деген құштарлығын ояту.

Көрнекі құралдар: аквариумдағы тастар мен бақалшақтарды қарап шығу. Саусақтарға арналған «Балық суда жүзеді» ойынын ойнау.

Құралдар мен материалдар: алтын балық салынған аквариум. Балықтарға арналған жем.

Сөздік жұмыс: балық, аквариум, алтын, жүзетін қанаты, құйрығы, денесі.

Әдіс – әділдері: Көрсету, әңгімелеу, сұрақ-жауап

Іс-әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Шаттық шеңбері. Алақанды ашайық, Күннің нұрын салайық. Жүрек жылуын салайық. Осы жақсы лебіздерді бір-бірімізге сыйлайық -Бүгін біз кіріктірілген, оқу қызметінде Алтын балық қайда тұратыны туралы әңгімелейміз.	Шаттық шеңберіне тұрып бірге қайталайды
Ұйымдастырушылық-ізденушілік	Жұмбақ. Суда өседі, өнеді, Сыртқа шықса өледі. Бұл не? -Балалар, сендер балық туралы қандай ертегілерді білесіңдер? Дұрыс айтасындар, тілегімізді орындайтын Алтын балық ертегісі. -Ал балалар балықтардың қандай ерекшеліктерін, немен қоректенетінін білесіңдер ме? -Ойыншық балық жүзе ала ма? Балаларға балықтардың тіршілігі жайлы түсінік беру. Ойыншық балықпен танысуға шақыру. Бұл – ойыншық балық. Ол жүзе алмайды. Онымен тек ойнауға болады. Қайда жүзіп бара жатқанын көзімен көріп тұрады. Балықтың денесі, құйрығы мен жүзетін қанаттары бар.	-Балық. -Алтын балық. -жоқ Балықты әр жерге қойып көреді және оның мүлдем қозғалмайтынына назар аударады.

	Оның денесі кішкентай қабыршақтармен қапталған. Балықтың аяғы болмайды. Сондықтан да ол жүре алмайды. Аяқтың орнына жүзетін қанаттары мен құйрығы бар. Олар балықтың суда емін-еркін жүзуіне көмектеседі. Ол сусыз өліп қалады. -Өсімдіктермен,балдырмен құрттармен қоректенеді. Аквариумның әйнегін қолмен тықылдатуға болмайтынын түсіндіреді. Өйткені балық шошып кетуі мүмкін. Сондықтан оны тек қызықтауға ғана болады. Балық аквариумда жүзіп жүрді. Балықтың әдемі, жеңіл, қалықтап жүзетініне балалардың назарын аудару. - Балықтар ненің көмегімен жүзеді? Ойын; Балық аулау Шарты:ыдыстағы балықтарды аулау және оның тазалығына қамқор болу. Сөздік жұмыс: балдыр,жүзу,алтын балық. Сергіту сәті. Тұп тұнық мөлдір суда, Балық жүзіп жүр екен. Біресе керіледі,біресе жиырылады. Біресе құмға тығылады,біресе жүзеді.	Олар аквариумды әрі-бері шарлайды Балықты қызықтап қарайды және ақырын сөйлеседі. -Құйрығы, жүзетін қанаттары мен көздері Қайталап айтады Сергіту сәтін қимыл қозғалыспен жасады
Рефлексивтік түзетушілік	Қорытынды: Ойыншық балықтармен ойнауға шақыру. Балаларға ҰОҚ-ға белсенді қатысқаны үшін алғыс білдіру. Балаларды мақтап,мадақтау	Балалар ыдыстағы суда жүзіп жүрген ойыншық балықтармен ойнауға кіріседі. Үнемі балықтарға қамқорлық жасап жүруіміз керек.

Күтілетін нәтиже:

Білу керек: сәндік балықтардың атауларын (алтын балық); олардың тіршілік ететін жерін (аквариум);

Нені меңгерді: балықтың дене бітіміндегі ерекшеліктерді ажыратады;

Нені меңгерді: балықтардың тіршілігін бақылау тәсілдерін.

№24 Вариативтік компонент

Мерзімі: 11.02.22ж.

Білім беру саласы: Қатынас.Әлеуметік орта

Бөлімдері: Жаратылыстану

Тақырыбы: «Ағаштар мен бұталар»

Мақсаты: Бұталар мен ағаштарды тану және айыра білуге үйрету. Аңғарымпаздығын дамыту. Өсімдіктерге аялы көзқарасқа тәрбиелеу.

Көрнекіліктер: хат, ағаштар мен бұтаралдын суреттері..

Сөздік жұмыс: бұтақ, ағаш

Үштілді компонент: ағаштар-деревья- trees, бұталар-кустарники- Bushes.

Іс-әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық қозғаушылық	«Пошташы балаларға өсімдіктерден хат әкеп береді. Олар балаларды көктемгі серуенге шақырған көрінеді.	Пошташыны көріп қызығады. Серуенге барғандарына қуанады.
Ұйымдастыру-іздігіру	Білімді өзектендіру. -Балалар, қазір жылдың қай мезгілі? Бүгін ауа райы қалай? Өсімдіктерге қонаққа барамыз ба? Бізді ағаштар мен бұталарға серуендеп қайтуға шақырады. -Қарандаршы, қандай әдемі биік ағаш. Бұл тал. Діні теп-тегіс, ал бұтақтары ұп-ұзын. Олар, қыздың бұрымы сияқты, төмен салбырап тұрады, желмен тербеледі. Сергіту сәті. Тербеледі ағаштар, Алдымнан жел еседі. Кіп кішкентай ағаштар, Ұп-үлкен боп өседі. -Ал мынау қараған. Бұл да биік ағаш. Дінін қолдарымен сипап көріндерші қандай екен? Тегіс пе әлде қатпарлы ма? Қарағанның тіптен үлкен тікенектері де бар. Көріп тұрсындар ма, мына ағаштардың бір ғана жуан діңі бар. Бұлар биік ағаштар. Маған бұталарды көрсетіндер. Міне мыналар. Олар ағаштардан.	Балалар жылдың мезгілін атап, ауа райын анықтайды. Талды қарап, талдайды. Қимылмен көрсетеді Ағаштар мен бұталардың айырмашылығын атайды.
Ұйымдастырушылық-ізденісті	кішкене. Олардың жіңішке діңдері көп Қарандаршы, ағаштардың бұтақтары қандай және бұталардың бұтақшалары қандай жіңішке.	
Рефлексивті-түзетушілік	Сұрақ-жауап әдісі арқылы білімдерін қорытындылайды -Маған ағаштарды көрсетіндер. бұталарды көрсетіндер. -Ағаштың бұтадан айырмашылығы неде?	Ағаш биік, ал бұта аласа. Ағаштың бір діңі бар, ал бұтаның діңдері көп Ағаштың бұтақтары үлкен, ал бұтаның бұтақтары кішкене

Күтілетін нәтиже:

Нені біледі: бұталар мен ағаштарды айыра білуді.

Қандай түсініктерді игерді: ағаштар мен бұталардың айырмашылығын танып және атап беру.

Меңгерген дағдылары мен іскерліктері: жалпы балық туралы сұрақтарға толық жауап бере алу дағдыларын.

№25 ВАРИАТИВТІК КОМПОНЕНТ

Мерзімі: 18.02.22ж.

Бөлімі: Жаратылыстану

Тақырыбы: «Сиқырлысу»

Түрі: Танымдық-зерттеушілік.

Мақсаты: балаларды қарапайым зерттеу әдістеріне тарту, жансыз табиғаттың қасиеттерін зерттеу.

Баланың сумен эксперимент жасау процесінде танымдық қызығушылықтарын ояту.

Міндеттері:

Білімділік: Су туралы білімдерін кеңейту. балаларды судың қасиеттерімен таныстыру. (түсі, иісі) судың үш күйі туралы білімдерін қалыптастыру;

Дамытушылық: алғашқы тәжірибелер жасау дағдыларын дамыту, ойлау, сөйлеу, ой-өрісін және білуге құмарлық қасиеттерін дамыту.

Тәрбиелілік: Қауіпсіздік ережелерін сақтауға, топпен жұмыс жасай білуге, суға ұқыпты қарай білуге тәрбиелеу.

Дамытушы ойын: «Су кімге керек?»

Сөздік: Балалармен әңгімелесу, тәрбиешінің түсіндіруі, іздену сұрақтары.

Құралдар: Пластмассалық ыдыстар, су, қант, сұйық май, акварельді краска, бояғыш (краситель), тарелкелер, қасықтар, түрлі- түсті смайликтер (әр балаға жеке беру)

Ұйымдастырушылық ізденіс

Шаттық шеңбері

– Балалар қарандаршы бүгін бізге көп қонақтар келді барлығымыз қонақтармен амандасайық.

Біз қандаймыз, қандаймыз,

Шұғылалы таңдаймыз.

Күлімдеген күндейміз,

Ренжуді біз білмейміз.

Қуанамын мен де, қуанасың сен де,

Қуанайық, достарым,

Арайлап атқан күнге.

Сұрақ-жауап:

– Балалар, қане, айтыңдаршы қазір қандай мезгіл?

Балалар мен сендерге жұмбақтар жасырайын:

Дәмі жоқ, түсі жоқ

Пайдаланбас кіс жоқ.

Бұл, жұмбақ не туралы?

– Шомыласың, жүзесің,

Шөлдегенде ішесің. Бұл не?

Айтып берейікші.

Су қай жерде кездеседі?

Өзенде, жаңбырда,

Су бізге не үшін қажет?

Балалар: тамақ істеуге, шомылуға, ішуге.

– Ендеше, біз су туралы қызықты ұйымдастырылған оқу қызметі болады. Жаңбырдың дыбысы естіледі:

-Балалар не естіп тұрсыңдар?

Жаңбыр жауғанда жерде не болады?

Ал суды тағы қайда кездестіруге болады?

Су не үшін керек?

Жаңбыр – қонаққа келеді.

Ол өзінің көңілсіз екенін айтады:

– Балалар мен өзім туралы ештеме білмеймін. Сондықтан менің көңіл күйім жоқ. Сендер сондай ақылды, білімді балаларсыңдар ғой, мүмкін мен жайлы білетін боларсыңдар.

Тәрбиеші: -көмектесеміз бе, балалар!

Балалар жаңбыр келгенге қуанады.

Балалар жаңбырдың неге көңілсіз екеніне таң қалады.

Ешқандай тірі зат сусыз өмір сүре алмайды. Ия, балалар сусыз өмір, тіршілік жоқ. Дұрыс айтасыңдар.

Дамытушы ойын: «Су кімге керек?» (ұжымдық жұмыс)

Мақсаты: Балалардың ойлау қабілетін дамыту. Қайсысына су қажет екендігін тауып, оны фонға орналастыра білуге үйрету. Судың қажеттілігін және маңыздылығын түсіне білуге, суды орнымен пайдалануға тәрбиелеу.

Ойынның шарты: фартукта ілінген суреттердің арасынан суды қажет ететін заттарды фартукка жабыстыру.

Балалар! Сендер білесіңдер ме судың сиқырлы қасиеттері бар: онымен ойнауға, түрлі іс – тәжірибелер мен сиқырлар көрсетуге болады. Қазір нағыз ғалымдар сияқты түрлі тәжірибелер (эксперименттер) жасаймыз, сондықтан сендерді зертханаға шақырамын.

Жаңбыр: зертхана деген не?

Балалар: ол жерде тәжірибелер жасаймыз.

Тәрбиеші: ол жерде кімдер жұмыс жасайды?

Балалар: ғалымдар.

Жаңбыр: Ой, мен де судын қандай қасиеті бар екенін білгім келеді.

Тәрбиеші: бүгін мен зерттеуші ғалым боламын, ал сендер менің көмекшілерім боласыңдар. Ол үшін біз арнайы киімдерімізді киеміз.

Зертханаға келу. Зертханада біз қандай ережелерді сақтаймыз.

Айқайламаймыз, менің бұйрығымсыз еш нәрсеге тиіспейміз, өз орнымызда ғана жұмыс жасаймыз. Орындарымызға отырамыз. Балалар алдында су құйылған стакандар.

1-тәжірибе: Судың қасиетін анықтау.

1. Су сұйық зат. Су құйылады. Су-бұл сұйықтық, ол ағады, оны құюға болады. Суды бір ыдыстан екінші ыдысқа құюға болады. Кәне, балалар суды бір ыдыстан басқа ыдысқа құйып көрейік. 3-4 балаға суды бір ыдыстан екінші ыдысқа құйдыру.

Қорытынды: су – бұл сұйық нәрсе, оны құюға болады.

2. Су иіссіз, дәмсіз.

Қолданылатын құралдар: бала басына су құйылған стакандар, бос стакандар.

Мақсаты: судың қасиетін анықтау: түссіз, иіссіз. Балалар суды ішіп және иіскеп көреді.

Тәрбиеші: Балалар, қалай ойлайсыңдар, судың дәмі бар ма?

Мен дәмін көріп алайын.

Дәмі жоқ екен. Ал, енді, сендер самалмен судың дәмін көріңдер.

Дәмі бар ма?

Ал енді қасықпен қант алып, басқа стаканға құйылған су ішіне салыңдар. Судың қасықпен шайқап, дәмін көріңдер, дәмі өзгерді ма?

Енді, балалар келесі бос стакандарға тұз салып араластырып, көрейік. Судың дәмі қалай өзгерді? қасықпен тұз алып, басқа стаканға құйылған су ішіне салыңдар. Судың қасықпен шайқап, дәмін көріңдер, дәмі өзгерді ма?

Қорытынды: Судың дәмі жоқ, ол дәмсіз, бірақ су өзінің ішіне салған басқа заттың дәмін сіңіп алады.

Балалар қалай ойлайсыңдар, судың иісі бар ма?

Үстел үстінде сендердің алдында какао тұр, оны су толған стакан ішіне салып, иісін иіскеп көріңдер. Судың иісі бар ма?

Таза судың иісі жоқ, бірақ оның ішіне басқа бір нәрсе қоссақ, ол сол нәрсенің иісін алады.

Алдымыздағы су какао иісін алды.

Сергіту сәті. Музыка ырғағына сәйкес қимылдарын қайталайды.

«Бұлт» және «Жаңбыр» қимылды жаттығуын жасау.

Су туралы өлең оқиды

1-бала. Егер үстің былғанса,

Кім көмекке келеді?

Тазалықты бәрінен,

Анам жақсы көреді

Су дегенің тіршілік,

Өмір сүру ізгілік.

2-бала. Сылдырайды мөлдір су,

Мөлдір суға қолыңды жу.

Жуынсаң сен әрдайым,

Таза бетің, маңдайың.

Тазалықтың досы,

Су дегенің осы.

2-тәжірибе: Су мөлдір. «Суда не ериды?»

Судың түсі өзгереді.

Қолданылатын құралдар: су құйылған стакандар, түрлі түсті бояулар.

Мақсаты: суға қандай баяу қоссаң су сол түске айналатынын айтып түсіндіру. Балалар, егер суға біз бояу қоссақ, не болады?

Не өзгерді? Бояу еріді ме?

3-тәжірибе: «Батады, батпайды»

Қолданылатын құралдар: пластмасса ойыншық, доптар, тастар.

Мақсаты: жеңіл, ауыр, қатты, бататын, батпайтын заттар қасиетін айтып түсіндіру.

Балалар доп суға неге батпады?

Балалар: өйткені доп жеңіл.

Тәрбиеші: кәне допты алып барлығымыз суға салып көрейік.

Ал балалар мынау не?

Тас, тас қандай?

Қатты, ауыр.

Тасты суға салайық. Тас не істеді суға батып кетті, өйткені тас ауыр.

4-тәжірибе: Судың үш күйі; су, мұз, бу. Балалармен судың үш күйін көрсету арқылы әңгіме жүргізу.

– Балалар мен сендермен уақытымды көңілді әрі қызықты өткіздім. Барлығың да менің сұрақтарыма жауап беріп, өздеріңді жақсы жағынан көрсеттіңдер, сендерге рахмет! Мені үлкен жұмыстар күтіп тұр. Өзімнен сендерге мына бұлақ суын сыйға тартамын. Бұл су сиқырлы. Мен сендерге көрсетемін. Бөтелкеге су құйылған. Бөтелке қақпағына бояу жағылады да, суды сиқырлап шайқағанда, су түрлі түске айналады. Балалар қызыға қарайды. Жаңбыр сиқырлы бұлақ суларын қалдырып балалармен қоштасады.

Келгеніңізге ризамыз. Рахмет сізге, Жаңбыр! Сау болыңыз!

Жаңбыр: Сау болындар!

Жаңбыр қоштасып шығып кеткеннен соң, балалармен оқу қызметін қорытындылайды.

– Балалар, бүгін біз судың қасиеттерімен танысып алдық.

Сендердің естеріңде қызықты не қалды?

Бүгін сендер судың қандай қасиеттерін біліп алдыңдар?

-Жарайсыңдар, балалар! Оқу қызметіміз қызықты өтті деп айта аламын. Сендерге рахмет! Мен сендерді жақсы көремін, алдағы уақыттарда да тәжірибелер жасайтын боламыз.

№ 25 Вариативтік компонент

Мерзімі: 25.02.22ж.

Білім беру саласы: Таным

Бөлімі: қоршаған ортамен танысу

Тақырыбы: «Қысқы еңбек»

Мақсаты: *Білімділік:* балалардың қыс мезгілінде орындалатын еңбек түрлері туралы түсініктерін толықтыру. Қысқы еңбек түрлерінің пайдасын түсіндіру.

Дамытушылық: сурет бойынша әңгіме құрастыруды өмірмен байланыстыра білуге үйрету, ой-өрісін дамыту.

Тәрбиелік: қысқы еңбектің пайдасын түсіндіру арқылы еңбексүйгіштікке баулу.

Көрнекіліктер: Қысқы еңбек суреттері, құстың үйшігі А3 формат, желім, салфетка, қызыл түсті гүлдер, гүлсауыт қызыл және көк түсті және мақта.

Сөздік жұмыс: Еңбек, күрек, айыр.

Іс- әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық қозғаушылық:	Шаттық шеңберге тұрғызу. Жарқырап күн ашылды, Айналаға нұр шашылды, Алтын сәуле мейірім Бақшамызға тарайды Қарсы алайық маңайды Қайырлы таң, балалар! Қайырлы таң, қонақтар!	Балалар тәрбиешімен бірге шеңберге тұрып, шаттық шеңберін орындайды.
Ұйымдастыру-Ізденуші	Жарайсындар! Балалар көңіл күйлерін қалай? Ендеше менікіде жақсы, тамаша. Қане барлығымыз орындыққа денемізді тік ұстап, аяғымызды түзу қойып, әдемі көздерімізбен маған қарайық. «Қыс» туралы жұмбақ айтудан басталады. Мамықтай жұмсақ болады, Ұстасаң қолың тонады. Балалар қазір жылдың қай мезгілі? Дұрыс айтасындар. - Қыс мезгілінде ауа - райы қандай болады? -Балалар, сендер қыс туралы тақпақ білесіңдер ме? Балерке Қыс туралы тақпақтар айтайық. Ақ киімді, денелі, ақ сақалды, Соқыр, мылқау, танымас тірі жанды. Үсті - басы ақ қырау, түсі суық, Басқан жері сықырлап, келіп қалды. Айсел Далада қар борайды, ақ мамыққа орайды. Мұз болады қатады, жып-жылтыр боп жатады. Айсұлтан Қыс келді, қыс келді Ақтарып ақ қарды Аралап қайтайық Ақ күміс бақтарды. Айғаным	Жақсы Балалар сабақты тыңдап отырады. Балалар жұмбақ шешімі Қар деп жауап береді. - Қазір жылдың қыс мезгілі. Суық -Иә..

	Ақ қолғаппен құшақтап, Сақылдайды қыс аппақ Өзен теңіз, тау төбе Киген аппақ сәукеле. -Бүгінгі сабағымызда үлкендердің қысқы еңбектері туралы әңгімелесеміз. -Қане барлығымыз тақтадағы суретке қараймыз. -Ендеше мына суреттен не көріп отырмыз? Сурет бойынша «Қысқы еңбек» тақырыбына әңгіме құрастырайық. Дұрыс Қыста суық болады. Боран ұйытқып соғады. Дала қарға толады. Қатты аяз болады. Жылы тон, пальто, қолғап киеміз. Қар борап жауып тұр. Атам күрекпен жұмыс істеп жатыр. Қар мақтадай. Қысқы еңбек, үй жануарларына қамқорлық жасайды. Қыста үй жануарлары (малдар) қорада тұрады. Қыста адамдар үй маңындағы қарды күреді. а) Әсет қойларға жем беріп жатыр. б) Асқар мен Айгул малдарға шөп салып жүр. в)Балалар үлкендерге көмек көрсетеді. - Қыста тағы қандай жұмыстар атқарады? Сергіту сәтін жасайық. Тонса біздің қолымыз Қолғап киіп, аламыз Сарт – сарт шапалақ соғамыз Тонса біздің аяғымыз, Еттік киіп аламыз Топ – топ, топылдап, билейміз Тонса біздің денеміз Тонды киіп, аламыз Зу –зу зу-зу Шанамен зулаймыз. (Осы кезде есік қағып «Қоян» келеді). - Сәлеметсіңдер ме балалар? Мен сендерге өзіммен бірге жұмбақ ала келдім, кім шешуін табады екен. Талдың басында, Жемі бар қасында. Там тұр саялы, Достарға аялы. (Құс ұясы) Бір құс бар сондай Суықта да тонбай, Шоқып жүріп,дән тапқан, Ұшып-қонған.....(торғай) - Олай болса балалар торғайға үйшік жасап	Мұқият тыңдайды, түсінбегендері бойынша сұрақтар қояды, сұрақтарға жауап береді. Сурет бойынша қысқы еңбек - қар күреу, ауылда малды күту жұмыстары жайлы әңгімелейді. Ауылдағы еңбек қорадағы малдарға су құю, шөп салу оларды жылы қорада ұстайды. Сергіту сәтін тәрбиешімен жасайды Балалардың жауабы беріледі.
--	---	---

	бересіңдер ме? -Топтық жұмыс: Екі топқа бөлінеді: Балалар қазір біз құстың үйшігін жасаймыз. Ондай болса екі топқа бөлініп отырайық Ең бірінші , әдемі көздерімізбен маған қарайық. Үстел үстінде тұрған нәрселерді тиспейміз. Желіммен жұмыс істеп болған соң, қақпағын жабамызда, қолымызды салфеткамен сүртеміз. Құстың үйшігін қайың ағашына жапсырмас бұрын бірінші қабырғасын жапсырамыз, содан соң шатырын жапсырамыз. Соңында дөңгелек есігін жапсырамыз. Торғайға ұя жасап бердік - Балалар қоянға көрме жасап берейік. –Қане барлығымыз ашық алаңға отырамыз Қане балалар тақтаға қарайықшы біз қандай геометриялық пішіндерден құстарға үйшік жасап бердік Дұрыс айтасыздар. Қыстап қалатын қандай құстарды білеміз? Қоянға ұнады ма екен? - Рахмет сендерге балалар тамаша үйшік жасадыңдар. Сендердің салған суреттеріңді алып орманға қайтайын. Достарыма көрсетемін. Сау болыңдар. Д/о: «Артығын тап» Осы заттардың ішінен еңбекке қажетті затты тап. «Қар жинау» ойыны. Ойын шарты: Қар ерімей тұрып, шелекке тез жинау.	Мұқият тыңдап, тапсырманы орындайды. Қабырғасы–төртбұрыш шатыры– үшбұрыш есігі –дөңгелек пішінді Торғай, қарға, сауысқан, көгершін ия Сау бол қоян Балалар қызыға ойнайды.
Рефлексиялық коррекциялаушы	-Балалар, біз бүгін сендермен қысқы еңбек жайында оқып білдік. Бізге бүгін қонаққа не келді? Барлығымызға сабақ ұнады ма? Жарайсыңдар, балалар, енді келген қонақтарымызбен қоштасайық. Сабақты қорытындылау.	Қоян Иә Сау болыңыз

Күтілетін нәтиже:

Нені білу керек: Қыс мерзімінде атқарылатын жұмыс түрлерін білу, қысқы еңбек түрлерін атап беру
Түсінігі бар: қысқы еңбектің пайдасын біледі
Орындай алады: ауланың қарын күреу, үй жануарларына қамқорлық жасау керек екенін білді.

№27 Вариативтік компонент

Мерзімі: 04.03.22ж.

Білім беру саласы: «Шығармашылық»

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті: Мүсіндеу

Тақырыбы: Тәтті тағамдар туралы не білеміз?

Мақсаты: Кесек ермексиздан бір бөлік үзіп алу, алақан арасына салып, айналдырып, қарапайым заттың пішінін келтіруге үйрету. Ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу.

Әдіс-тәсілі: көрсету, әңгімелесу, сұрақ-жауап

Көрнекіліктер: кәмпит суреттері.

Іс-әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің әрекеті	Балалардың әрекеті
Ынталандыру кезеңі	Күндей жарқырап, Айдай аралап. Жұлдыздай жарқырап Судай мөлдір, таза көңілмен Біз сабақты бастаймыз.	Балалар барлығы хормен қайталады.
Негізгі бөлім Әңгімелесу	Жарайсындар, балалар! Балалар, өткен сабақта біз сендермен ермексиздан әр түрлі көлемдегі қар түйіршіктерін жасадық. Енді бүгінгі сабағымызда олардан Кәмпит жасаймыз. /Кәмпит жасалуын көрсету, түсіндіру. Қиналған балаларға көмектесу./	Балалар ермексиздан әр түрлі көлемдегі қар түйіршіктерін алып Кәмпит жасайды.
Сергіту сәті	Тербеледі ағаштар, Алдымнан жел еседі. Кіп-кішкентай ағаштар Үп-үлкен боп өседі.	Қимылдарды тәрбиешінің артынан қайталап орындайды, тақпақты бірігіп айтады.
Қорытынды	Бүгін нені үйрендік? ҰОҚ сендерге ұнады ма?	Балалардың жауаптары.

Күтілетін нәтиже:

Білуі тиіс: Ермексиздан жасалған түрлі көлемдегі қар түйіршіктерін біріктіру арқылы Кәмпит жасауды.

Меңгеруі: Қарапайым пішіндерді ермексиздан жасай алу.

Мерзімі: 11.03.22ж.

Қоршаған ортамен таныстыру / сурет салу

Тақырыбы: «Көктем келді алақай!»

Мақсаты:

1. Балаларды қоршаған ортамен таныстыру. Көктем мезгілінің ерекшеліктері туралы түсініктерін кеңейту.
2. Балалардың сөздік қорын молайтып, тілін дамыту.
3. Табиғат сұлулығын сезіне білуге, сондай-ақ балаларды табиғатты аялауға, Отанын елін, жерін құрметтеуге тәрбиелеу.
4. Қызғалдақ бейнесін қағаз бетіне дәстүрден тыс әдістерімен түсіру, іскерлік дағдыларын меңгерту.
5. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.
6. Бірлесіп ұжымдық жұмыс нәтижесіне жетуге үйрету.

Шаттық шеңбері:

Армысың асыл күн!

Армысың ашық күн!

Армысың ұстазым,

Армысың достарым,

Сендерді көргенде қуанамын!

Тәрбиеші: — Балалар, қазір жылдың қай мезгілі?

— Көктем мезгілінің қай айы?

— Көктемде ауа райы қандай болады?

— Ал енді балалар, сендер көктем мезгілін тамашалауға орманға барғыларың келе ме?

— Жүріңдер орманға.

(Көктем ару алдарынан шығады).

Көктем: — Сәлеметсіздер ме балалар, мен көңілді көктеммін,

Былыр келіп кеткенмін

Көзін ашып бұлақтың

Түбіне тал еккенмін

— Балалар, ненің дауысын естіп тұрсыңдар? (сылдырлап аққан судың ағысы)

Тәрбиеші: — Көктем мына судан қалай өтеміз?

Көктем: — Балалар, көктем мезгілінің ерекшеліктерін атап берсеңдер, жолды көрсетемін. (Құстардың дауысы естіледі, балалар ағашта отырған құстарға қарайды).

Көктем: — Балалар қазір мен сендерді ұшып келген құстармен таныстырамын.

Құстар туралы жұмбақтар

1) Бұдыр-бұдыр балшықты

Жинады да талшықты

Ұқсатып қамытқа

Үй салды жабыққа (Қарлығаш)

2) Қонып алып жарға

Қырқылдайды (Қарға)

Слайд «Аңдар көктемде».

Ұйқысын аша алмай отырған аюға жолығады.

Аю: — Сәлеметсіздер ме, балалар, мен ұйқымнан ояна алмай отырмын. Сендер менімен ойын ойнандаршы. Балалар аюмен ойын ойнайды. Аю қоштасып, өз жұмысына кіріседі.

Тәрбиеші: — Балалар қараңдаршы мынау қандай әдемі «Гүлдер алаңы».

Балалар: — Бұл не қылған гүлдер?

— Қандай әдемі!

Тәрбиеші: — Бұл көктемнің алғашқы гүлдері, бәйшешек пен қызғалдақтар. Оларды жұлуға болмайды. Оларды жұлып алсақ, гүлдер солып, құр өліп қалады.

Көктем: — Балалар көктемде осындай әдемі гүлдерді салғыларың келе ме?

Тәрбиеші: — Балалар, көктеммен бірге гүл алаңын салайық. Оны көктемге сыйлап берейік.

Сергіту сәті:

Күн шыққанда сүйініп,

Бәйшешектей иіліп,

Біз тынығып аламыз.

Жиі-жиі жаттығып,

Үлкен кісі боламыз.

Сурет салу.

Тәрбиеші: — Балалар, сурет салу жаңа әдісімен таныстырамын. Ол «мөр» салу әдісі.

Картоптан жасалған мөрді бояуға малып, батырып қағазға басамыз. Мен сендерге өзім бірінші көрсетемін. Ең бірінші сабағын жапырақ басып саламыз, сосын гүлін басамыз. (Балалар бірігіп сурет салады). Сурет салу барысында ұқыптылық сақтаймыз. Бояумен үстерінді былықтырып алмаңдар.

Тәрбиеші: — Балалар гүлді көктемге сыйлаймыз.

— Балалар, енді топқа оралайық.

Көктем: — Қайтар жолды қысқарту үшін маған көктем туралы тақпақ айтып беріңдерші.

Балалар көктем туралы тақпақтарын айтады.

Көктем: — Рахмет сендерге балалар! Тақпақтарыңды жақсы білесіңдер.

Менің сендерге сыйлығым бар. (Көктем әкелген сыйлығын балаларға береді).

— Сау болыңыздар!

Тәрбиеші: — Балалар көктеммен қоштасайық.

Балалар: — Сау болыңыз көктем!

Топқа оралу.

Сабақты қорыту:

Тәрбиеші: — Жарайсыңдар балалар! Бүгін сабақта жұмысты өте жақсы істедіңдер!

Тәрбиеші: — Балалар, бүгін біз сендермен саяхатқа қайда бардық?

Орманда не көрдік? Кім бізге кездесті? Біз көктемге не сыйладық? Сендерге сабақ ұнады ма? Рахмет сендерге балалар! Сау болыңыздар!

№29 Вариативтік компонент

Мерзімі: 11.03.22ж.

Тақырыбы: Велосипед тебеміз

Мақсаты: Балалардың дене мүшесінің сұлулығын қалыптастыру, қимыл-қозғалысын үйлесімділігін, дене қуатын жетілдіру, балалардың денсаулығын нығайту және сақтау, аураларға қарсы тұру, иммунитеттерін барынша кеңейту, омыртқа, табан бұлшық еттерін жетілдіру.

Құралдар: Кілемшелер, тұз жолына арналған тақтайшалар ұзындығы 2 метр, кенеп мата, ұсақ тастар салынған қапшықтар.

Үнтаспадан жәй музыка ойнап тұрады. Балаларды күндізгі ұйқыдан ояту.

Тәрбиеші: Балалар, күннің көзі әлдеқашан өзінің нұрын шашып тұр. Сіздер, біраз біраз демалдыңыздар, енді ұйқыдан оянуларың керек. Кәне, барлығымыз ұйқымызды ашайық, ол үшін мынадай сергіту жаттығуын жасайық.

1. «Күнге созылу»

Б.қ. Шалқамыздан жатқан күйде, 1 қолымызды жоғары қарай созамыз, ақша бұлтты ұстап алдық-деп сәйкес қимыл жасау, 2 б.қ. келу.

2. «Аққу-қаздар»

Б.қ. Шалқамыздан жатқан күйде 1 басымызды оңға, 2 басымызды солға

Аққу – қаздар ұшты

Бастарын былай қозғалтты

Бір, екі, үш, -бір, екі, үш

Біздер қандай күштіміз

3. «Велосипед тебеміз»

Б.қ. Шалқамыздан жатқан күйде,

1 екі аяғымызды кезек-кезек велосипед дөңгелегін айналдырған секілді қимыл-әрекет жасаймыз.

Тыныс алу жаттығулары.

1. «Самаурын үрлеу»

1 Мұрын арқылы тыныс алып, дем шығармай 3-4 секунд ұстап, ауаны ауыз арқылы үрлейміз (3-4 рет)

2. «Шайды суыту»

1 Екі қолды біріктіре ұстап, кеседегі шайды суытып тұрғандай қимыл көрсету, шайды үрлеп суытамыз (3-4 рет)

«Тұзбен шынықтыру». «Тұз жолы»

Тұзбен шынықтыру арнаулы тұзды су сіңірілген жолмен жолаяқ жүргізу арқылы іске асырылады.

Еденге бір-бірінен арақашықтығы 10-40см болатын, ені 25-30см, ұзындығы 2метр екі тақтайшаны қоямыз. Біреуіне резеңке жауып, оның үстіне тұзды суға малынған кенеп төселеді. 5 литр шым-шым ыстық суға 1кг тұз салынады. Екінші тақтайдың жартысына дейін құрғақ кенеп жауып, қалған жартысына арасына ұсақ тастар салып, тігілген қапшық төселеді. Балаларды алдымен тұзды су сіңірілген тақтайдың үстімен екі аяғын бір-біріне тигізе көлденең басып, жүріп шығуын қадағалап тұрамыз. Екінші тақтайшаға өтерде ара қашықтығы 10см-деп аспау керек. Құрғақ кенепке 10-ға дейін табандарын 10 рет үйкелей сүргіп, ұсақ тас салынған қапшықтың үстін өкшесімен басып жүріп өтеді.

Тәрбиеші: Балалар, біздің дене мүсіміміз әдемі болу үшін, деніміз сау болу үшін, тек сауықтыру шараларын ғана емес, сонымен қатар дәрумендер де қажет.

Бүгін бізге шыныққан балалар қонаққа келіп қалыпты. Олар тыңдап көрелік.

1 бала: Дәрумен бар жемісте де ,шөпте де

Дәрумен бар таза ауа мен суда да

Дәруменді өлшеуі жоқ, көп деме

Дәрумен ғой, суды төгіп ластама!

2 бала: Сәби шақтан бастап біз

Шынығуды сүйеміз

Ашық күнмен достасып

Жалаң аяқ жүреміз

Қыста, жазда әрдайым

Ауырмаймыз бәріміз

Шынықтыру жасап біз,

Мықты болып өсеміз.

Тәрбиеші: Бұл қонақтар бізге бос қол келмеген, сіздерге дәрумендер мен неше түрлі дәрумені бар шөптер де ала келген. Рахмет сіздерге балалар. Бұл дәрумендерді біз күнделікті бақшамызда пайдаланатын боламыз. Денсаулығымыз жақсы болу үшін тек қана сауықтыру шараларын жасап қана қоймай, сонымен қатар дәрумендерді күнделікті ас мәзірінде дұрыс пайдаланып, көптеген шөптерден фито шай ішіп тұрғанымыз пайдалы.

№30 Вариативтік компонент

Мерзімі: 18.03.22ж.

Тақырыбы: Ұлттық ойындары туралы білеміз және ойнаймыз

Мақсаты : Ұлттық ойындары асық ойнау, қол күрес, тақия тастамақ ойындары арқылы балаларға қазақтың салт – дәстүрі , әдет – ғұрпын, туған елге, жерге, өз Отанына деген сүйіспеншілік сезімдерін арттыру.

Міндеттері:

1. Балаларды қазақтың ұлттық ойындары мен таныстыра отырып ойын шартын дұрыс бұзбай ойнауға үйрету.
2. Ойынды ойнау барысында балалардың ойлау, есте сақтау қабілеттерін ойын кезінде саусақ қол моторикасын дамыту.
3. Қазақтың ұлттық ойындарын ойнай білуге тәрбиелеу.

ҰОҚ әдісі: Әңгіме ойын түрінде

Көрнекілік: асық, қазақ ұлттық киімдері (шапан, желетке, тақия)

Балаларбіздің бүгінгі сабағымызға қонақтар келді. Келген қонақтармен амандасайықшы.

1. Шаттық шеңбері

Дөңгелене тұрайық,
Киіз үйді құрайық,
Кереге болып керіліп,
Уықтар боп иіліп,
Киіз үйді құрайық.
Жарайсыңдар!

- Әр бала киіп отырған киімін айтып кетеді

Әдемі киініп келген екенсіңдер!

Қазір балалар қазақтың ұлттық ойындарын ойнаймыз. Ойын бастамас бұрын бойымызды жазып алайық.

3. Сергіту сәті

Би «Қара жорға»

Қазақша «Адай» күйін қойып қою

4. Қазақтың ұлттық ойыны

1. Тақия тастамақ

Ойын шарты былай балалар. Балалар дөңгелеп отырады. Бір бала жүргізуші болып тақия тастау керек, екінші бала біліп алып ойынды жалғастырады.

Жеңілген бала тақпақ айтады

Көктем туралы

Көктем келді шуақты,

Балаларды қуантты.

Алақай – ау, алақай!

Құстар сайрап, бақтар жайнап, гүл атты.

2. Қол күрес

Бұл ойын стол үстінде екі баланың білек сынасумен орындалады. 2 бала шынтактарын столға тіреп қол бастарын айқастырады. Кім білекті столға жықса сол бала жеңіске жетеді.

3. Хан талапай ойыны

Көп асықтың ішінде бір асықты қызыл түске бояп қоямыз. Сол асық «хан» деп аталады. Ойынды бастайтын бала асықтың бәрін қос уысына жинап алып, отырған балалардың алдына шашып жібереді. Балалар ханның қалай түскенін бақылап отырады Ал «хан» алшысыннан түссе, балалар жарыса «хан талапай» деп дауыстап, ханды өз қолына түсіруге тырысады. «Хан» кімнің қолына түссе, сол жеңіске жетеді.

21 асық аламыз. Ойынға 4 бала қатысады. Бірінші бала қызыл түсті 7 асықты жинайды. Екінші бала 7 көк түсті асықты жинайды. Үшінші бала 7 жасыл түсті жинайды. Төртінші бала 7 қоңыр түсті жинайды.

Асықтардың түстеріне орысша тоқталып кетейік балалар

Қызыл – красный

Көк – синий

Жасыл – зеленый

Күлгін қызыл – розовый

Асықты ойнамас бұрын саусақтарымызды ойынға дайындап алайық

Оң қолымда бес саусақ,

Сол қолымда бес саусақ,

Қосып едім екеуін,

Болып шықты оң саусақ.

4. Шеңберде асық ойнау

Шеңбер сызып аламыз, асықты ортасына тізіп қоямыз. Қанша бала ойнаса сонша асық тіземіз. 4 бала ойнасақ 4 сақа болады. Әр баланың сақасы әртүрлі түспен боялады. Рет ретімен сосын ойнаймыз.

Жарайсыңдар!

5. Қорыту:

- Балалар сендерге қазақтың ұлттық ойындары ұнады ма?

Иә

- Жарайсыңдар!!!

Балалар қазақтың қандай ұлттық ойындарын ойнадық?

Тақия тастамақ, Қол күрес, Хан талаппай, Шеңберде асық атып ойнау

- Жарайсыңдар!

- Ойын ойнаған ұнай ма?

- Иә, ұнайды

6. Қоштасу шеңбері.

Біздің топта ұлдар

Тату тәтті ойнаймыз

Баршаңызға, бәріне

Тек қуаныш сыйлаймыз.

Сау болыңыздар!

№31 Вариативтік компонент

Мерзімі: 25.03.22ж.

Тақырыбы: «Бесік жыры»

Білім беру саласы: «Таным»

Бөлімі: «Жаратылыстану»

Мақсаты: Бесік жырын тыңдату. Бесік туралы әңгімелесу. Оның ағаштан жасалғанын көрсету.

Қолданылатын көрнекіліктер: бесік, бесік жабдықтары, қуыршақ.

Әдіс – тәсілдер: Көрсету, әңгімелесу, түсіндіру, сұрақ – жауап.

Сөздік жұмыс: Бесік, әже.

Билингвалдық компонент: бесік – колыбель, әже – бабушка.

Инклюзивтік әлеумет: Баяу балалармен жеке жұмыс жүргізу.

I. Кіріспе бөлім:

— Балалар қазір жылдың қай мезгілі?

— Көктем айларын атаңдаршы?

II. Негізгі бөлім:

— Балалар бүгін бізді Дина әжей үйіне бесік тойға шақырыпты, жолға жиналайық.

Балаларды сиқырлы кілемшеге отырғызып, көздерін жұмдырып Дина әжейдің үйіне апарамын. Ғажайып сәт.

— Дина әжей балалармен сәлемдеседі.

— Сендерді бесік тойына шақырған себебім немеремді бесікке салайын деп едім.

Келгендерің қандай жақсы болды.

Бесік, бесік жыры туралы әңгімелейді. Балаларға бесіктің ағаштан жасалғанын балаларға көрсетеді.

Сергіту сәті:

Бала, балақан,

Қане қайсы алақан

Саусақтарың әйбәт,

Былай – былай ойнат.

Ойын: «Бөпені бесікке бөлейміз»

Баланы бесікке салып, бөлеп үстіне жапқыштарын жабады. Бесікті тербетіп отырып әжей әндетеді. Әбден бала ұйықтап кеткенше әлдилеп жәй ғана үнмен «Бесік жырын» айтады.

«Бесік жыры»

Әлди, әлди бөпешім,

Әлпештеген көкешім.

Тербетейін жата ғой,

Тәтті ұйқыға бата ғой.

Әлди, әлди бөпешім,

Сендей сәби жоқ, көкешім,

Атам, әжем дейсің бе?

Тілің тәтті бөпешім.

— Ал, балалар немерем ұйықтады бесігін басқа бөлмеге апарайын, тыныш ұйықтасын.

Балалар қайтадан сиқырлы кілемшеге отырып, көздерін жұмып топқа қайтады.

Қорытынды: Балалар біз сиқырлы кілемшемен қайда бардық?

Әжей немересіне қандай өлең айтып береді?

Бесік қандай заттан жасалған?

Балаларды мақтап, мадақтау.

№32 Вариативтік компонент

МЕРЗІМІ: 01.04.22.

Тақырыбы: Тамаша көңіл күй әлемінде

(балаларға арналған тренинг.)

Мақсаты: Топта жағымды, қолайлы эмоционалды жағдай құру;

-топты біріктіру;

-тамаша көңіл күй сыйлау.

Міндеттері:

Білімдік: -балаға өзінің көңіл күйін анықтап бағалай отырып өзгелердің көңіл күйіне назар аудару білуге үйрету;

-«көңіл күй» ұғымын бекіту;

Дамытушылық: -өзінің көңіл күйін қалыпты ұстай білуге дағдыландыру;

Тәрбиелік: -өзіне және қоршаған ортаға позитивті қарым-қатынас жасай білуге тәрбиелеу;

-жағымды көңіл күй тудыру;

-балалар ұжымын топтастыруға өзіндік үлес қосу.

Қажетті материалдар: 7 түрлі түстен тұратын карточкалар, ватман, түрлі-түсті қарындаштар, фломастер, магнитофон, домалақ жіп.

1. Кіріспе. -Біз өздеріңмен көңіл күйдің не екенін жақсы білеміз. Кей кезде қуансақ, кейде мұңайып қаламыз. Кейде ренжісек, кейде шаттанамыз, мұңайатын, қайғыратын да кездеріміз болады. Яғни біздің көңіл күйіміз үнемі өзгеріс үстінде болады. Ал бүгін біз өздеріңмен тамаша көңіл күй әлеміне аттанамыз.

2. Ойын «Алуан түсті көңіл күй.»

Бір, екі, үш, төрт, бес, алты.

Ойынымыз басталды. -Біз қазір өз көңіл күйіміздің түсін табамыз. Мен сендерге кішкене бір құпияны ашайын, балалар. Біздің көңіл күйіміздің өзіне тән түсі болады екен. Міне, менде түрлі түстен тұратын карточкалар бар. 7 түстен тұратын көңіл күй түймедағы. Әр жапырақ – әр түрлі көңіл күй:

Қызыл-сергек, белсенді көңіл күй-секіргіміз, жүгіргіміз, қимылды ойындар ойнағымыз келіп тұрады.

Сары – көңілді көңіл күй: жан-жағымызға қуана қарап, шаттанғымыз келеді.

Жасыл – көпшіл: барлық балалармен достасып, ойнағымыз келеді.

Көк-сабырлы: тыныш ойнап, қызықты кітап тыңдап, терезеге қарап отырғымыз келеді.

Сұр-іш пыстырарлық – немен айналысарыңды білмейсің.

Қоңыр-ашулы көңіл күй: ренжіп, ашуланып тұрмын.

Қара-мұңды: маған ештеңе де қызық емес, көңіл күйім бұзылып тұр. Біз қазір мына домалақ жіпті шеңбер бойынша домалатып, әрқайсымыздың көңіл күйімізді білеміз, барлығымыз өз көңіл күйіміздің түсін айтып шығамыз. Мен бастаймын, сендер жалғастырасыңдар.

-Рахмет, көпшілігіңнің көңіл күйлеріңнің көтеріңкі болғанына мен қуаныштымын. Ал көңіл күйлері орташаларға біз қазір өз көңіл күйлерін көтеруге көмектесеміз.

3. Ойын «Көңілді ән» Менің қолымда домалақ жіп тұр. Қазір мен жіпті қолыма іліп алып өзімнің оң жағымда тұрған көршіме жіпті өлең айта отырып ұсынамын: «Балнұр, сенің топта сенің болғаның қандай жақсы». ... Ары қарай жалғастырамыз. Міне, жіп қайта айналып өзіме келді, бәрімізді біріктірді. Біздің достығымыз нығая түсті, көңіл күйіміз бұрынғыдан да көтерілді.

4. Би терапиясы. Ән әуені, әсіресе көңіл ән әруақытта біздің көңіл күйімізді көтереді. Қазір біз әннің куплеті айтылған кезде жұптасып тұра қаламыз да алақан соғыстырамыз. Ал қайырмасы айтылған кезде ұйымдасқан түрде шеңбер бойымен жүреміз (би ырғағымен) ән: «Песенка про друзей»

5. Релаксация (Әуен ойналып тұрады) -Ыңғайланып отырыңдар. Денелеріңді бос ұстандар. Көзімізді жұмып, басмыздан сипаймы да ішімізден «Мен өте жақсымын» деп айтамыз. Керемет, күн шұғыласын шашып шығып келеді. Біз тыныш қана тамаша көлдің жағасында отырмыз. Тыныс алуымыз жай ғана естіледі. Терең дем аламыз, шығарамыз. Күн шуақ шашып тұр. Біз өзімізді өте жақсы сезінудеміз. Күн шуағы денемізді қыздыруда. Таза ауа. Бүкіл денемізбен күн шуағын сезінудеміз. Біз керемет бақыттымыз, тамаша дем алудамыз. Жайлап көзімізді ашамыз. Бір-бірімізге қарап жағымды жымиямыз. Біз керемет демалдық. Күні бойы бізде осылай тамаша көңіл күй қалыптасады.

6. Жаттығу «Құрғақ субұрқақ.»

Қоштасар бізге келді кез,
Қоштасқымыз келмейді-ақ.
Еңсемізді түсірмей,
Қабылдайық субұрқақ.

-Субұрқақтың алуан түрлі тамшылары беттеріңе,қолдарыңа тигенін сезіндіңдер ме?Міне,барлық реніш,мұң,еңсені басқан іш пыстырар ауыр көңіл күйдің барлығы артта қалды.Сендер бұл субұрқақтан қаншама сергектік,өмірге деген құштарлық,шаттық сезім алып шығасыңдар.Тамаша!Бүгінгі алған жағымды энергияларың бойларыңда ұзақ уақыт сақталатын болады. Ал әзірше қош-сау болыңдар.

№ 33 Вариативтік компонент

Мерзімі.08.04.22ж.

ҰОҚ технологиялық картасы

Білім беру саласы: «Коммуникация»

Бөлімі: «Сөйлеуді дамыту»

Тақырыбы: «Менің анам» (тәжірибе бойынша әңгіме құрастыру)

Мақсаты: балаларға аналар мейрамы туралы түсінік беру.

Міндеттері:

Білімділік: сұрақ – жауап әдісі арқылы әңгіме құрастыруды үйретуді жалғастыру, алгоритмдік ойлау машықтарын дамыта түсу;

Дамытушылық: сөз тіркестерін (анам мейірімді, қамқоршы, әдемі, балаларды жақсы көреді, оларға қамқоршы), сөздерді және дыбыстарды анық, дауыстап айтуға жаттықтыру, анасы туралы пікірін тиянақты, еркін жеткізе білуге талпындыру;

Тәрбиелік: үлкенге ізеттілік көрсетуге, кішіге қамқор болуға тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс: сүйікті

Керекті құрал - жабдықтар: демонстрациялық материал (аналардың суреттері), әртүрлі аналар мен балалардың суреттері.

Әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің әрекеті	Балалардың әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Шаттық шеңбер: Еліміз аман болсын! Анамыз аман болсын! Деніміз сау болсын! Бақшамыз гүлдене берсін!	Жарты шеңберге кілем үстіне отырады. Қызыға, мұқият тыңдайды.
Ұйымдастыру–іздігі	Ғажайып сәт: Сиқырлы қорапшадан қуыршақты шығарады. Қуыршағымыздың көңіл – күйі жоқ. Оған не болды екен? (құлағын тосады) Қуыршақ бізге бір жұмбақ жасырғысы келеді. Жұмбақ жасырады: Бала, бала, бала деп, Түнде шошып оянған. Түн ұйқысын төрт бөліп, Түнде бесік таянған. Ол кім? Неге қуыршағымыздың көңіл күйі жоқ екен? Ол анасын жоғалтып алыпты. Қуыршаққа көмектесейік, анасын іздеп табайық. Көмектесеміз бе? Ол үшін біз өз анамызды сипаттайық, сонда қуыршақ өз анасын тауып алады. демонстрациялық суретпен жұмыс. (суреттегі киімінің, шашының түсіне қарай сәйкестендіріп, қуыршақтың анасын табу) Сенің анаң қандай? (әртүрлі аналардың суретін көрсетіп, топшадағы барлық баладан сұрап шығады)	Қорапшаға қарайды, қуыршаққа қуанады. Балалардың дербес жауаптары. Жұмбақ шешуге ниет білдіреді. Тыңдайды, ойланып, жауып береді. Ол – Ана! Білмейміз. Көмектесуге ниет білдіреді, орындау керек тапсырманы мұқият тыңдайды. Балалар өз аналарының суретін табады. Менің анам ақылды. Менің анам мейірімді. Менің анам әдемі.

	Алақай! Қуыршақтың анасы табылды! Қараңдаршы, қуыршағымыз қуанып қалды. Алдымызда қандай мереке келе жатыр? Дұрыс, аналар мерекесі. Біздің аналарымыз – өте мейірімді, қамқор және ең сүйікті адамдар. Осындай жақсы сөздерді орысша, айтып көрейікші: сүйікті – любимый, мейірімді – добрый. Сергіту сәті: Өн бойымды тік ұстап, Таянамын бүйірді. Бастап кетем Дұрыстап Сәйгүлікше жүруді. Бір! Екі! Бір! Екі! (С. Қалиұлы) «Сәйкесін тап!» дидактикалық ойыны : <u>Шарты:</u> киімдерінің түстеріне сәйкес аналарын тауып сәйкестендіріп, сызықпен қосу (саусақпен жүргізіп көрсету). Саусақ жаттығуы. «Аналар күні» Жақсы менің анашым , Еркелеткен баласын. Өзін жақсы көремін, Құшақтап сүйе беремін.	Менің анам қамқоршы. Бірге қуанады. Аналар мерекесі, әжелер мерекесі, қыздар мерекесі. Екі тілдегі баламаларын қайталап, есте сақтауға тырысады. Қимылдарын келтіре отырып, бірге айтады. Аналары мен балаларын бір – бірімен сәйкестендіреді. Бір қолымен сүйгендей ишара жасайды. Екінші қолымен сүйгендей болады. Бір алақанды үрлейді. Екінші алақанды үрлейді.
Рефлексивті– түзетушілік	Қорытынды: «Кемпіркосақ» шеңбері Күн, мен сені сүйемін, Саған бас иемін. Жылу бер, бақыт бер, Мейірім мен шабыт бер. Бүгін бізге кім қонаққа келді? Біз оған қалай көмектестік? Қуыршақтың көңіл – күйі көтерілді ме? Балаларды мақтап, мадақтайды.	Барлығы бірге айтады. Қонаққа қуыршақ келді. Анасын тауып бердік. Иә, қуанып тұр.

Күтілетін нәтиже:

Білу керек: көліктердің түрлерін ажырата біледі;

Болу керек: көліктердің пайдасы туралы мәліметтер;

Істей білу керек: сөйлем құрастыра білу, өз ойын толық жасқанбай жеткізе біледі.